Әлемдік дағдарыс, алыс, жақын шетелдердегі жиі-жиі бой көрсетіп жатқан толқулар бірқатар мәселелерді күн тәртібіне шығарып отыр. Тәуелсіздіктің жиырма жылында біз неге қол жеткіздік, қандай жетістіктер бар және қай бағытта әлі де болса еңбектену керек. Қол жеткізген игіліктерімізді дұрыс бағалап келеміз бе. Бұл сұрақтар ел тағдырына енжар емес әрбір азаматты толғандырып келеді. Жалпыға Ортақ еңбек қоғамын құру, сол бағдарда жұмыс істеу осы мәселелерді шешуге арналып қана қоймай, мемлекет дамуының жаңа кезеңін анықтады. Елбасы атап өткендей, өткен ғасырдың 60-жылдарында кеңінен тараған тұтыну қоғамы концепциясының өміршең еместігін, оның қоғамдық енжарлық тудырғанын және жаһандық дағдарыстың бірден бір себебіне айналғанын көрсетті. Елбасы бұл жалған идеяға лайықты жауап ретінде Жалпыға Ортақ еңбек қоғамы идеясын ұсынып, еңбектің арқасында жаңғырған жаңа қоғам құруды міндеттеп отыр. Нақты өндіруші еңбектің арқасында мемлекетті әлеуметтік жаңғырту жолына қою керек. Елдегі экономикалық жетістіктер мен қоғамдық игіліктер балансы сақталуы тиіс. Қазақстанның жаңартылуы жолында Елбасы өзіндік жеке жауапкершілік мәселесін ең маңызды мәселе ретінде қойып отыр.

Бүгінгі таңның заманауи адамы өзінің мамандығы мен қызметіне қарамастан, өзінің бойындағы әлеуетін шығара білуі үшін не жасағаны туралы ойлануы тиіс. Өмірлік кредосы да осы сауал аясында болуы тиіс. Әрбір адамның бойында өз бетінше әрекет ету қабілеті, жеке басының жауапкершілігі және еңбекке деген құлшынысы тәрбиеленуі тиіс және осы құндылықтар бойға біткен кезде ғана қоғамның

әлеуметтік жаңғыртылуына қол жеткізе аламыз. Психолог С.Ю. Головкиннің пікіріне жүгінсек, адамның өз бетінше әрекет етуі «инициативтілік, критикалылық, өзін өзі адекватты бағалау және өзінің қызметі мен әрекеті үшін жеке басының жауапкершілігінен көрінетін жеке тұлғаның жалпыланған қасиеті» болып табылады. Адамның өз бетінділігі белсенді ойлау қабілеті және ерік-жігерінің дербестігімен түсіндіріледі. Өз бетінше шешімдер қабылдау саналы түрде жасалатын әрекеттерді бекітіп қана қоймай, мақсатқа жетудегі мүмкін қиындықтарға қарамастан жетістікке жетуге көмектеседі [4].

Жеке бастың дербестігі еркіндікпен қатар жауапкершіліктің де өзектілігін арттырады. Адамдардың жеке қабілеттеріне қарай, кейбіреулеріне жауапкершілік ауыртпалық, мойнына түскен жүк секілді көрінсе, екінші біреулеріне өзі үшін және басқалар үшін жауапты болуы мақтаныш сезімін тудырады. Адамның ішкі сезімі, жай-күйі туралы психологтардың алдыңғы қатарлы теориялары белгілі. Солардың ішінде белгілі психолог С.Л. Рубинштейннің жеке тұлға қалыптасуының ажырамас сипаттарына байланысты төмендегідей тұжырымдама берген: «таңдау еркіндігі, жасалған таңдау үшін жауапкершілік және шешім қабылдаудағы өз бетінше әрекет ету» [5]. Біз бұл мақалада жеке тұлға қалыптасуындағы психологиялық ерекшеліктері, өз бетінше әрекет ету, жауапкершілік ұғымдарына бекер тоқталып отырған жоқпыз. Қазақстан мемлекетіндегі әрбір азамат бойында осы қасиеттерді дамыту, ол қабілеттіктер арқылы қол жеткен игіліктерді қоғам мүддесіне жарату мемлекеттік бағдарлама негізіне бастама болып отыр, себебі Елбасы Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құруда әрбір жеке адамның жауапкершілігін, оның өз бетінше еңбектенуіне басты назар аударып отыр. Сонымен қатар әлеуметтік енжарлыққа алып келетін мемлекеттік қолдауға ғана иек артудың тиімсіздігі, керісінше қоғамға пайда келтіру жағынан тәрбиеленуге бастау қажеттігін басып айтты. Дәл осы бағытта міндеттер қойды.

Еңбек теорияларына жүгінетін болсақ, еңбектегі басты қажетті негіздердің бірі жұмысшының кәсіби жарамдылығы болып табылады. Жұмыскердің кәсіби біліктілігі еңбектің нәтижелеріне тікелей әсер етеді, сондай-ақ адамның қабілеттіктері, оның генетикалық бастамалары, мамандықты дұрыс таңдауға да байланысты. Еңбектің нәтижелі болуы бұл шарттар

мен қатар жұмыскердің өз бетінше жұмыс істей алуынан көрінеді. Шешім қабылдау кезінде жұмыскерге жауапкершілікпен қатар толық еркіндік беру жұмыс істеудегі толық еркіндік пен мәселелерді шешудегі шығармашылыққа, жай формальды түрде емес, нәтижеге қол жеткізуді бірінші басты шарт деп білуді тәрбиелейді. Дегенмен еркіндік беру бей берекет ойына келгенді жасау дегенді білдірмеу керек. Дәл осы жерде маманның жеке жауапкершілігі, оның моральдық келбеті, ішкі жан дүниесіндегі болатын және болмайтын деген өлшемдерді сақтай алуы маңызды көрсеткіш болып табылады.

Адам өміріндегі, қоғамдық қатынастарды реттестірудегі еңбектің орны тақырыбы ХХ ғасырдың басында нарықтық қатынастардың дамуымен терең зерттеле бастады. «Ғылыми менеджмент» немесе «еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыру» мектебінің пайда болуы американдық инженер Ф. Тейлордың (1856-1915 жж.) атымен байланысты. Ф. Тейлор пікірінше, «еңбек – бұл индивидуалды қызмет, сондықтан, еңбек ұжымының жұмысшыға әсер етуі әдетте деструктивті сипатта болады және жұмыстың нәтижесін төмендетеді». Ф. Тейлор жұмысшыларды жұмысқа алуда ғылыми тұрғыдан келу керектігін алғаш рет ұсына отырып, жұмысқа алуда экстраординарлы индивидтерді іздеудің қажеті жоқ, тек қарапайым адамдардың ішінен жұмыстың дәл сол типіне сәйкес келетін адамдарды таба білу керектігін айтып кетеді. Ал Ф. Тейлордың шәкірті Г. Гант (1861-1919 жж.) өнеркәсіптегі адам факторының жетекші рөлін көрсете отырып, адам өз жұмысына тек тіршілік ету көзі деп қана емес, сонымен қатар белгілі бір мөлшерде өзінің рухани қанағаттандырылуы ретінде қарауына жағдайлар жасау керектігін айтады. Г. Гант өндірістік міндеттерін мерзімінен бұрын сапалы орындағаны үшін жалақы төлеуді енгізе отырып, бірқатар өндірістерде жұмыс өнімділігінің екі есе көбеюіне қол жеткізеді [6].

Елбасының еңбек мәдениетіне, оны қалыптастырудың жолдарына және әрбір қазақстандық азаматты еңбекке тәрбиелеуге мән беру қазақ елінің әлемдік дағдарыстан, жер-жердегі ауық-ауық бой көрсетіп жатқан қиыншылықтарға төтеп беруге, оларды шешуге дайын болу иммунитетін қалыптастыру қажеттілігінен деп қабылдау керек.

Бүгінгі таңда әрбір ұжым әрқайсысы өз сала-

сында үлкен міндеттер қойып, соларды орындау бағытында ел игілігі үшін қызмет етіп келеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті көшбасшы университет ретінде жаңашыл бастамалардың басында тұр деп айта аламыз. Университетімізде жұмыс тиімділігі, нәтижелілігі үшін бірқатар шаралар жасалып келеді. 2011 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан рейтинг жүйесі оқытушылардың сапалық деңгейін арттырып, жұмыс өнімділігін арттырып отыр. Әрбір оқытушының жасаған жұмыстарының өнімділігі сәйкесінше жалақыдан да көрініс тауып отыр. Жыл басында жоғары көрсеткіштерге ұмтылу, оны жоспарлай алу мәдениеті қалыптасуда. Қойылған міндеттерге сай өздерінің ғылыми жұмыстарын, оқу үдерісін жақсарту, оқытудағы жаңа технологияларды меңгеру басымдылығы байқалуда. Университет стратегиясын анықтауда жеке тұлғаның қабілеттіктеріне бағытталған әдістерді қолдану арқылы маңызды мәселелер шешілуде. Сол арқылы еңбек ұжымының тұрақтылығы, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, еңбектенудің қолайлы шарттары және сол арқылы жұмыстың өнімділігі артуда. Әлеуметтік әріптестік, әріптестердің өзара бір-бірімен байланыстылығы, сондай-ақ ортақ мәселелерді шешудегі ынтымақтастық, шешімдер қабылдауда белсенді біріге отырып жұмыс жасау қажеттілігі түсіністікпен қабылдануда. Біріккен ұжым бола ұйымдаса отырып қана ортақ мүддеге жету мүмкін. Жоғары интеллектуалды, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау міндеті қойылған оқытушылар қауымына қойылған бұл жауапкершілікті әрқайсысымыз сезінеміз және оны әрбір шәкірт тәрбиелеп отырған ұстаз біледі, сол жолда еңбектеніп келеді. Осы еңбегінің арқасында еліміздің әлеуметтік жаңғыруына әрбір оқытушы өз үлесін қосуда.

Елдің жағдайын жақсартуда әрбір азамат мемлекетке беретін үлесін, ортақ мүддеге қосатын еңбегін анықтауы керек. Дінтанушы ғалым ретінде осы бағытта қандай үлес қоса алатынымызға назар аударсам. Қазіргі кезде әлемде діни жағдай тұрақты емес. Лаңкестік топтар, террористік ұйымдар өкінішке орай өз назарын «тұрақтылық пен тыныштықтың аралы» болып келген біздің елге аударып отыр. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елдегі экономикалық жағдайдың төмендігіне сай әлеуметтік мәселелерді тиімді қолданған ұйымдар әлі де тынышталар емес. Қаржылай көмек көрсету арқылы өздеріне

тартқандары қаншама. Енді қазір жағдай басқаша. Елдегі экономикалық жағдай түзелген. Дегенмен алғашқы кезде уланған сананың уыты қайтпай келеді. Осы бағытта жұмыс істеу, елдегі діни сауаттылықты шешу, жастарымызды дұрыс бағытқа тәрбиелеуде дінтанушыларға, тек дінтанушылар емес, бүкіл қоғамға артылатын жүк ауыр. Діни жағдайды реттестіру, қоғамда дінаралық келісім мәдениетін қалыптастыру, дінді ұлттық мәдениетіміздің құрамдас бөлігі, ата-бабамыз қалдырып кеткен құндылықтарымыздың өлшемі ретінде қабылдау маңызды.

Дінтанушы маман әлемдік және дәстүрлі діндер туралы мәдениеттанулық, тарихи, философиялық білімдердің болашақ тұлғаны рухани адамгершілік тұрғыда қалыптастыруындағы рөлін; дінтану пәнінің мақсаты мен міндеттерін және дінтанудың негізі теориялық әдістерін; дінтану пәні мен діни құндылықтарды оқудың білім алу және тәрбиемен байланысын білуі тиіс. Дінтану ғылымын меңгеруде маманның негізгі ұстанымы діндер туралы толыққанды ғылыми негізделген тұжырымдар мен әлемдік дінтану саласындағы жетістіктермен нәтижелердің негізінде қалыптасуы керек.

Әлемдік және ұлттық мәдениеттің озық жетістіктерін үйрену жас ұрпақтың дүниетанымдық бағыт-бағдарын айқындауда, тұлғаның рухани бітім-болмысын қалыптастыруда өзіндік үлес қосары анық. Дінтану ғылымы жас жеткіншектердің әлемдік және дәстүрлі діндердің адамзат өркениетінде алатын орны мен атқарар рөлін, діндердің қоғамдық өмірге тигізер ықпал әсерін, діни дүниетанымның құрылымы мен ерекшелігін, қоғамдық сананың мәңгілік формасы ретіндегі діннің атқарар қызметін игеруге және түсінуге мүмкіндік береді. Адамзат тарихында діннің алуан түрлі феномендерінің көрінуін, діни мәдениеттің басқа салалары мен өзара байланысы мен өзара ықпал әсерін, діндердің рухани әлеуметімен құндылықтарын,

ортақ ұстанымдарын және айырмашылықтарын үйрету, діни төзімділік пен келісім қағидаттарын және ұрпақтың санасына рационалды түрде сіңіру арқылы діннің қоғамды ұйыстырушы қызметі ашыла түседі және бұл құндылықтарды жетік игерген маман бұралаң жолдарға түспесі және басқалардың түсіп кетпеуіне жол салары анық.

Дінді зерттеу барысында адам, қоғам, дүние туралы дүниетанымдық және философиялық сұрақтарға жауап іздеу қоғамда гуманистік және адамгершілік негіздерді қамтамасыз етуге көмектеседі. Қоғамды ізгілендіру жолында еңбек ету басты міндет. Мемлекеттегі кез келген бастамалар, жаңартулар, алдыға ұмтылыс тұрақты, тыныштық жайлаған жерде ғана орын алады. Мемлекет қауіпсіздігі, қоғам тыныштығы әлеуметтік, діни тұрақтылықпен тікелей байланысты. Бұл ретте дінтанушы мамандардың қажеттілігі және олардың қосар үлесі зор. Сондықтан өз саласының білікті мамандарын лайықты деңгейде дайындау – бүгіннің қажеттілігі. Олардың бойында еңбекке деген құлшынысты, еңбектену арқылы еліне қызмет етуді бойына сіңдіру – мемлекеттік міндет деп түсіну керек.

Әдебиеттер

- 1 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 419 б.
- 2 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 448 б.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. – 2012. – 10 шілде.
- 4 <http://vocabulary.ru/dictionary/25/word/samostojatelnost>.
- 5 <http://mirsovetov.ru/a/psychology/psychologic-trick/self-dependence.html>
- 6 <http://arkadacentre.ru/naukaOtrude.htm>

А.Д. Курманалиева

Труд – основа создания современного «добродетельного города»

В статье рассматривается преемственная связь идей «добродетельного города» аль-Фараби с современностью. Управляющий «добродетельным городом», в универсальном смысле, вне временных рамок, обременен грузом ответственности за каждого гражданина, за его достойную жизнь. В этом направлении он предпринимает серьезные шаги и принимает превентивные решения. Статья Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Социальная модернизация Казахстана: 20 шагов к Обществу Всеобщего Труда» – это стратегический шаг руководителя к

достижению всех благ для достойной жизни граждан. Автором представлено свое видение о роли созидющего труда в обществе, представлены основные механизмы реализации поставленных задач в этом программном документе.

Ключевые слова: «добродетельный город», управляющий, социальная модернизация, труд, религиозиеведение.

A.D. Kurmanaliyeva

Work is the basis of creation of modern«virtuous city»

The article considers the successive link of the ideas of «virtuous city» of Al-Farabi with modernity. «Virtuous city» manager, in the universal sense, outside the time framework, burdened by the weight of responsibility for every citizen, for his worthy life. In this direction he undertakes serious steps and makes preventive decisions. The article of President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev «Social modernization of Kazakhstan: 20 steps to the Society of Universal Labour» – this is a strategic step of the head to the achievement of all benefits for the worthy life of citizens. The author presented the vision about a role of creating work in society; the main mechanisms of realization of objectives in this program document are presented.

Keywords: «virtuous city», head, social modernization, labour, religious studies.

УДК 327(574)

А.С. Балапанова*, А.С. Кайдарова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*E-mail: alyiya.balapanova@kaznu.kz

Роль Казахстана в обеспечении региональной безопасности в Центральной Азии

Аннотация. Обеспечение региональной безопасности связано с предотвращением основных угроз и вызовов, в частности, наркотрафик, распространение религиозного экстремизма и терроризма, нелегальная миграция. Региональная безопасность определяется политикой и стратегией государств Центральной Азии в рамках обеспечения и защиты собственных национальных интересов, а также уровнем интеграционных процессов в регионе. На современном этапе вся палитра взаимоотношений зависит от реализации политики ведущих мировых игроков, в частности от вывода войск из Афганистана, решения водной проблемы и др. Многовекторная, сбалансированная внешняя политика Казахстана позволяет укреплять региональную безопасность и расширять интеграционные процессы с государствами Центральной Азии.

Ключевые слова: региональная безопасность, интеграционные процессы, угрозы, Центральная Азия.

В начале XXI века Казахстан под руководством Президента РК Н.А. Назарбаева прочно занял место одного из региональных лидеров, успешно продемонстрировав воплощенные в жизнь внешнеполитические инициативы, направленные на обеспечение региональной безопасности и укрепление сотрудничества.

По мнению профессора Р.А. Явчувновской, региональная политика в ракурсе региональной безопасности должна учитывать:

- явления политической и экономической действительности в регионах с учетом противоречивости развития региональных политических и экономических процессов;
- взаимосвязи компонентов региональной и национальной составляющей политической жизни стран, их постоянного изменения;
- региональную политику как целостную, формирующуюся через взаимодействие всех частей и находящуюся в многообразных связях с внешней средой [1].

Основная цель системы обеспечения региональной безопасности состоит в том, чтобы создать механизм, позволяющий выработать политику и стратегию государств в области прежде всего защиты собственных национальных интересов, а затем политику сотрудничества и взаимодействия с другими регионами в целях решения возникающих глобальных вызовов,

требующих своего решения на региональном уровне. В таком общем виде формирование системы обеспечения региональной безопасности служит для противодействия не только угрозам региональным, но и угрозам национальным интересам.

Проблемы национальной безопасности Казахстана неразрывно связаны с состоянием сотрудничества между республиками Центральной Азии. Развитие региональных отношений и взаимодействие между центральноазиатскими странами традиционно лежат в русле противодействия новым угрозам и вызовам, и в этом взаимодействие Казахстана в международных и региональных структурах безопасности является важным направлением его внешней политики. Комплекс проблем, связанных с региональной безопасностью связаны, во-первых, с политикой крупных государств в Центральной Азии, в частности – США, России, Китая и региональных лидеров – Турция, Иран; во-вторых, с внутриполитическими процессами, происходящими в центральноазиатских странах.

По мнению профессора Б. Аягана, в политике взаимоотношений с региональными соседями Казахстан отдает приоритет крупномасштабному сотрудничеству как одна из лидирующих стран в Центральной Азии [2].

Решение интеграционных процессов в аспекте

региональной безопасности и их устойчивость, стабильность и соответственно сама безопасность регионального развития зависят прежде всего от политической стабильности внутри каждой страны, входящей в тот или иной регион или региональное объединение. Должно быть согласованное понимание основных угроз, среди которых можно выделить распространение оружия массового поражения и обычного вооружения, проявление террористических эксцессов, загрязнение окружающей среды, распространение наркотических средств, требующих учета в политике обеспечения региональной безопасности и стабильности интеграционных процессов [1, 83].

Таким образом, основными угрозами и вызовами в Центральной Азии являются распространение терроризма, религиозного экстремизма, наркотрафик, нелегальная миграция, а также актуальными остаются проблемы трансграничных рек и обеспечение водной безопасности, решение вопросов единых энергосистем, нерешенность пограничных территориальных споров и уровень участия в региональных интеграционных процессах.

Известный российский ученый-международник А.В. Торкунов отмечает, что противоречивые политические процессы в регионе Центральной Азии (Киргизия, Узбекистан), связанные с влиянием так называемых «цветных революций», активизация исламских радикальных группировок еще раз подтвердили необходимость углубления диалога ведущих мировых держав по вопросам интеграции и сотрудничества по широкому спектру, включая вопросы региональной безопасности в Северо-Восточной и Центральной Азии, Афганистане, на Ближнем Востоке, борьбы с глобальным терроризмом, а также по энергетической проблематике. В этом контексте особую роль приобретает деятельность различных региональных организаций (ОДКБ, СНГ, ШОС и др.), углубление двустороннего и многостороннего сотрудничества стран Центрально-Азиатского региона с Россией и Китаем, странами Запада. Учитывая, что на международно-правовом поле Евразии происходит дальнейшая диверсификация систем безопасности и сотрудничества, представляет большой практический интерес изучение процессов регионализации и институционализации систем безопасности, их взаимовлияний, а также изучение политики ведущих держав (в том числе и в области энергетики) в

этом стратегически важном регионе мира [3].

Крупные геополитические игроки, как США, ЕС, КНР и РФ, исторически имеют в этом регионе свою заинтересованность и проводят соответствующую внешнюю политику, направленную на обеспечение национальных интересов. Важную роль в обеспечении безопасности и развитию сотрудничества отводится Казахстану, который за годы независимости проводит сбалансированную многовекторную внешнюю политику и позиционируется в мире как стабильное процветающее государство. По мнению профессора М.Т. Лаумулина, история появления и закрепления США в Центральной Азии является частью той великой геополитической битвы, которую американские стратеги под влиянием собственных теоретико-геополитических конструкции ведут уже почти столетие. В лице Америки Казахстан столкнулся с самым серьезным вызовом, с самым упорным и бескомпромиссным геополитическим игроком [4].

В настоящее время региональная безопасность тесно связана с урегулированием военно-политической ситуации в Афганистане. В государствах, расположенных вокруг этого государства, вызывают серьезное беспокойство процессы, связанные с выводом войск США из этой страны в 2014 году [5]. В данном контексте особую обеспокоенность вызывает политика США по созданию военных баз на территории Узбекистана, который в июне 2012 года вновь приостановил свое членство в ОДКБ. В рамках официального визита Президента Республики Узбекистан И.А. Каримова в нашу страну в сентябре 2012 года, одной из центральных тем переговоров стал «афганский вопрос» и обсуждение совместных действий по стабилизации ситуации в Центральной Азии после вывода войск коалиции из Афганистана в 2014 году.

Другой важный геополитический игрок – Китай рассматривает Центральную Азию как сферу своих исключительных интересов, поэтому профессор К.Л. Сыроежкин считает, в ближайшей и среднесрочной перспективе Китай и Россия, конкурируя друг с другом или объединяясь по почве противостояния с Западом, будут бороться за геостратегическое пространство и стратегически важные полезные ископаемые Центральной Азии и Каспийского региона [6].

Вместе с тем в интервью газете «Казахстанская правда» Чрезвычайный и Полномочный Посол КНР в РК Чжоу Ли справедливо отмечает, что

«Казахстан – первая страна, которая добровольно отказалась от ядерного оружия. Мирные инициативы Казахстана, в том числе создание безъядерной зоны в Центральной Азии, утверждение Международного дня действий против ядерных испытаний, принятие Всеобщей декларации безъядерного мира получили широкую поддержку международного сообщества. Играя весьма важную роль в продвижении процесса ядерного нераспространения и разоружения, а также сохранения ядерной безопасности, Казахстан вносит огромный вклад в обеспечение мира и стабильности на всей планете. Благодаря мудрым решениям Президента Нурсултана Назарбаева, ваша страна достигла довольно впечатляющих успехов в этой сфере. Вместе с тем антиядерные инициативы и действия стали важными предпосылками политического и экономического развития Казахстана, создают благоприятную среду для непрерывного повышения статуса страны на международной арене».

Интеграция предстает как форма и способ реакции современного мирового сообщества на глобальные вызовы и угрозы. Сегодня интеграция представляет собой один из доминирующих факторов современной мировой политики и является одной из форм межгосударственного взаимодействия, а значит, должна находиться в сфере внешней политики. Интеграционные процессы охватили практически все регионы и государства, оказывая определяющее воздействие на внешнюю политику.

Отличительной чертой современных интеграционных процессов является их распространение не только на торгово-экономическую сферу межгосударственного взаимодействия. В рамках интеграции идет поиск решений проблем по укреплению международной безопасности, борьбе с новыми вызовами, по обеспечению устойчивого социального развития, сохранению окружающей среды и т.д. Государства пытаются реализовать мировое политическое управление и решить глобальные проблемы на региональном уровне [7].

Интеграционные инициативы Президента Назарбаева воплотились в создании ряда евразийских региональных организаций, таких, как Евразийское экономическое сообщество, Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА), ОДКБ, Шанхайская организация сотрудничества (ШОС). Время уже показало востребованность и полезность таких региональных структур, которые в совокупности формиру-

ют геополитический ландшафт, укрепляют конструкции региональной безопасности и несут в себе важную стабилизирующую функцию [8].

Сегодня, в преддверии 4-го заседания Совета министров иностранных дел Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии которое состоится 12 сентября 2012 года, процесс СВМДА получил реальное воплощение и признание всего мирового сообщества. Необходимо отметить, что в состав СВМДА входят крупнейшие державы Азии: Индия, Китай и Россия, которые не только с пониманием отнеслись к фундаментальной идее Нурсултана Назарбаева по установлению атмосферы доверия в Азии, но и стали активными участниками новой структуры. Географический охват участников организации достаточно широк. Общая площадь территории стран составляет около 400 млн кв. км – примерно 89 процентов всей территории Азии и 72 процента территории Евразийского материка. В этих странах проживает более 2,8 млрд человек, что составляет 45 процентов всего населения земного шара. Также необходимо учитывать мощный энергетический потенциал, которым обладают страны СВМДА, уверенно занимающие ведущие позиции в мире по запасам нефти, которые составляют 40 процентов черного золота на земном шаре.

Слагаемые региональной безопасности имеют два важных момента: во-первых, развитие сотрудничества в различных сферах – политической, экономической, культурной между государствами внутри геополитического региона и, во-вторых, развитие сотрудничества между регионами. Это – определяющие тенденции обеспечения безопасности развития современного миропорядка [1, 79]. Мировой опыт интеграционных процессов свидетельствует, что успех интеграции зависит от каждого гражданина, сотрудничество развивается от точечных акций до мегапроектов и партнерство способствует процветанию страны и благополучию каждого гражданина.

В нынешнем послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана подчеркивается, что «мы будем проводить нашу сбалансированную внешнюю политику, взаимодействуя не только с Западом, но и с государствами Азии». Ответом на глобальные вызовы и угрозы XXI века будет расширение и углубление евразийской интеграции. Формирование Таможенного Союза позволило перейти к Единому экономическому

пространству, это создаст условия для успешной реализации идеи Евразийского экономического союза.

Президент Казахстана Н.А. Назарбаев, говоря об евразийской интеграции, отметил: «Это важный фактор общерегиональной стабильности, повышения конкурентоспособности наших экономик. Мы готовы поддержать стремление других государств СНГ присоединиться к евразийской интеграции» [9].

Таким образом, Казахстан является полноправным актором мирового политического процесса и региональным лидером в обеспечении региональной безопасности и инициатором интеграционных процессов и объединений. Системно и планомерно развивая взаимовыгодные отношения в русле дружбы и добрососедства с Центральноазиатскими государствами, Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев является приверженцем архитектором построения стабильного и безопасного мира в регионе.

Литература

1 Явчувновская Р.А. Глобальная и региональная безопасность: курс лекций. – М., 2010. – С.74.

2 Внешнеполитические инициативы Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. Историко-документальное исследование / Г. Нурымбетова, Р. Кудайбергенов. – Алматы, 2010. – С. 6.

3 Торкунов А.В. Энергетические измерения международных отношений в Восточной Азии // По дороге в будущее. – М., 2010. – С. 338.

4 Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Том III. Геополитика и международные отношения (вторая половина XX – начало XXI вв.). – Алматы, 2009

5 Ауелбаев Б.А. Региональная безопасность и урегулирование военно-политического кризиса в Афганистане //Казахстан – 2030: основные тренды социально-экономического и политического развития: материалы международной научно-практической конференции. 24 апреля 2012 г. Алматы. – С. 26.

6 Центральная Азия сегодня: вызовы и угрозы / под общей ред. К.Л. Сыроежкина. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – С. 353.

7 Рыхтин М.И. В чем актуальность проблематики внешней политики? // Внешняя политика: вопросы теории и практики: материалы научного семинара / под ред. П.А. Цыганкова. – М., 2009. – С. 296.

8 Тукумов Е.В. Внешняя политика Казахстана за годы независимости: итоги, результаты, достижения <http://www.nomad.su/?a=3-201112150027>

9 Назарбаев Н.А. Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана // Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана, 27 января 2012.

Ә.С. Балапанова, Ә.С. Қайдарова

Қазақстан Республикасының Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі

Мақалада Орталық Азиядағы негізгі қауіп-қатерге анализ жасалған. Аймақтық интеграция мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Қазақстанның рөліне автор ерекше көңіл бөлуде. АҚШ, Ресей, Қытай сияқты державалардың саясатын ескере отырып, аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудағы елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы ерекше.

Түйін сөздер: аймақтық қауіпсіздік, интеграциялық процестер, қауіп-қатер, Орталық Азия.

A.S. Balapanova, A.S. Kaidarova

The role of Kazakhsan in providing of regional security in Central Asia

In this article the threats in the region and regional challenges are analyzed. The authors stress the role of Kazakhstan in providing regional security and integration process expansion. Crucial role is playing the initiatives of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to create regional security, concerning policies of the major players the U.S. A., Russia and China.

Keywords: regional security, integration processes, threats, Central Asia.

ӨОЖ 32.001(574)

С.Ш. Мұсатаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: mceka@mail.ru

Елбасының «Қазақ елі» идеясы – егеменді елдіктің баяндылығы

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың көп ұлтты республика халқын біріктіріп, біртұтас Қазақ еліне айналдыруға бағытталған табанды қызметі, жүргізіп отырған салықалы саясаты талданады. Қазақстандағы «Қазақ елі» саяси идеясының қалыптасуы мен дамуы, оның жүзеге асуының толық кешені елдің әлеуметтік-экономикалық, этнодемографиялық, лингвистикалық және конфессиялық өлшемдерімен сараланады. Қазақстан Конституциясында азаматтардың еркін өмір сүруіне, жетілуіне ешқандай шектеу қойылмай, дініне, нәсіліне қарамастан барлық адамдарға тең құқықтар берілген. Бұл, өз кезегінде, саяси және жалпы ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуде басты рөл атқарады, барлық Қазақстан азаматтарының мемлекетімізді өркендету, көркейту мақсатында бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып қызмет етулері үшін жағдай жасалғандығының айқын дәлелі. Жоғарыда аталған маңызды мәселелер осы мақаладағы саясаттанулық талдауға арқау болған.

Түйінді сөздер: елбасы, Қазақстан халқы, ұлт саясаты, этносаралық татулық, ұлттық даму.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін азаматтыққа ие түрлі этнос өкілдерінің өзара тату-тәтті өмір сүріп, ортақ бір тудың астында бас қосып, бейбіт өмір кешуінің алғышарты – ұлт саясатын тұрақтандырып, экономиканы көтеру, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, конституциялық құқықтар мен мүдделерді қамтамасыз ету күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге айналды. Егеменді ел ретінде дамудың жаңа даңғыл жолына түскен Қазақстан үшін рухани жаңғырудың кем дегенде үш бағыты тұрды:

- 1) кеңестік заманда бастау алған мәдени-рухани жадыны одан әрі жалғастыру;
- 2) рухани жаңғырудың қазақстандық жаңа үлгісін қалыптастыру;
- 3) дамудың батыстық үлгісін қабылдау.

Бастапқыда Қазақстанда осы үш бағыт қатар жүрді. Кейін осы үшеуінің ортақ белгілері бар, бейімделген будан үлгі қалыптаса бастады. Оған Қазақстандағы көпұлттылық өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Қазақ тілділер дәстүрлі ұлттық дүниетанымға сүйенеді. Ал орыс тілділер ұлттық бағдардан гөрі негізінен барынша батыстық құндылықтарға назар аударуда. Осы екеуінің арасынан рухани жаңғырудың қазақстандық өзіндік үлгісі қалыптасу үстінде. Бүгінгі күннің талабы ұлттық дәстүрді заман талабына сай бейімдей

отырып, модернизацияны жүзеге асыру болып отыр. Қазақстандық қоғамның рухани саласы тек қоғамдық сананың бір түрі ғана емес, өмірдің барлық салаларына ықпал ететін қазақстандық қоғамның бірлігін, ұлттың бірегейлігін қалыптастыратын тұтас құндылықтар жүйесі болып табылады. Сондықтан рухани жаңғыру мен саяси процестердің бір-біріне өзара ықпал етуі өте бір нәзік тылсым дүние іспетті.

Әрбір саяси жүйе халық мүддесін қанағаттандырмаса, елде тұрып жатқан төл (титулды) ұлт пен этникалық диаспоралардың мұң-мұқтажын ескермесе, олардың өзара келісіп жұмыс жасауына демократиялық негіз қаламаса, этникалық топтардың өзара тәртіпті де келісімді ұйымдастырылған азаматтық қоғамын жасап бере алмаса, әрине, ол мемлекеттің саяси пәрменсіздігі басым түсіп, өмір сүру қабілетінен айырылатындығы дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомаға айналды. Оның дәлелі ретінде ХХ ғасырдың аяғында КСРО құрамындағы елдерде болған (1986 ж. Алматыдағы қазақ жастарының, 1988-91 жж. Әзірбайжанның таулы Қарабахындағы армян мен әзірбайжандардың, 1989 ж. Өзбекстандағы түріктер мен өзбектердің, Абхазиядағы грузиндер мен абхаздықтардың, грузиндер мен осетиндердің, Қырғызстандағы 1990 жылы және жуырда қайталанып отырған

қырғыздар мен өзбектердің және т.б.) және посткеңестік кеңістіктегі елдерде орын алған этно-саяси жанжалдарды айтуға болады.

Өткенге мұқият қарап, жарамдысы мен жарамсызын таразылап, өзіне тың жолды таңдап алған тәуелсіз Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын, қоғамның ішкі қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауды саяси реттеудің басты тетігі ретіндегі елдің ынтымағы мен этносаралық келісімін қамтамасыз ету әрдайым өзекті мәселе. Сол үшін де Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында «Қазір еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Біз бүгінде бәсекеге қабілетті, әлеуеті зор, экономикасы қуатты ел құрадамыз. Біз бұдан бұрын да биік белестерді бағындырдық. Оны біз 20 жылдықта айттық. Сондықтан, мақсатқа жету біздің қолымыздан келеді. Біз оған жетудің жолдарын жақсы білеміз. Ол үшін қажетті ресурстар бүгін мемлекетте жеткілікті. Біздің міндетіміз – айқын, алған бағытымыз дұрыс деп санаймын. Бұл жолда біз үшін ең бастысы – тәуелсіз Қазақстанның тұтастығы мен тұрақтылығы. Дана халқымызда «Игілік басы – ынтымақ» деген қанатты сөз бар» деп атап көрсетті [1].

Саяси институттардың ең жоғарғы сатысынан орын алатын мемлекет өзінің бүкіл әкімшілік жұмысы барысында өз атауына сай төл азаматтарымен қатар басқа да этнос өкілдерінен құралған азаматтардың қамын ойлап, олардың барлық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қамтамасыз етуге, олардың өзара тыныш, келісімді де үйлесімді арақатынастарына тиімді әрі қауіпсіз жағдай жасауға, ынтымақтастыққа негізделген этно-саяси процестерді ұйымдастыруға қабілетті барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың, әсіресе Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін демократиялық әдіспен қамтамасыз етудің стратегиялық міндетін орындау қажеттілігін зор жауапкершілікпен мойындайды. Бұл саяси қадамдардың түпкі мақсаты біреу – Қазақстанды егеменді елге, яғни тәуелсіз Қазақ еліне айналдыру. Ел болу үшін оның азаматтары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білуі тиіс. Халқының ынтымағы мен бірлігі жарасса ғана біртұтас ел болады, сонда ғана тәуелсіздігіміз тұрақты, егемендігіміз баянды болмақ.

Сөз реті келгенде айта кеткен жөн, өткен

жылдары қоғамымызда «қазақстандық ұлт» қалыптастыру туралы сыңаржақ пікірлер де туындады. Бұл «американдық нация» деген тұжырымдаманы негізге алған, «нация» ұғымын мағынасыз тікелей аударудан туындаған мәңгүрттік идея, Қазақстан жағдайына мүлдем қайшы келетін теория еді. Өйткені Қазақстанда бір ғана ұлт бар – ол қазақ ұлты. Қазақ ұлты – мемлекет құрып отырған ұлт, мемлекет Қазақстан, яғни Қазақ елі. Ал халықтың қалған бөлігі диаспоралар, яғни, этникалық топтар мен азшылықтар. Сол үшін «қазақстандық ұлт жасау» ешбір негізі мен қисыны жоқ, ешқандай болашағы жоқ идея, ал Қазақ елі – заманауи саяси үрдіс және тарихи шынайылық.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «қазақстандық ұлт» деген теңеудің дұрыс-бұрыстығын ашып берді: «Бізде халық біреу – Қазақстан халқы. Түптеп келгенде, біз осы идеологиялық қадамның қазақтың ұлт ретінде одан әрі нығаюына, этностық топтар өкілдерінің жәй ғана қазақстандық тұрғын емес, ділі мен дүниетанымының қазақстандық рухта қалыптасуына барынша ықпал ету жағын басты нысана етіп алуымыз керек. Бұл жолда қазақ халқының алдына өзге этностарға өзінің рухани құндылықтарын сіңіре отырып, тұтастай елдікті қалыптастыруға қатысты тарихи рөл жүктелмек.

Жалпы, бұл жерде бір түсінбеушілік бар сияқты. «Единая казахстанская нация» дегенді «Біртұтас қазақстандық ұлт» деп аудару дұрыс болмас. «Нация» мен «национальность» (ел-жұрт және ұлт) деген ұғымдар бар. Қазақстан – қазақ ұлтының негізінде құрылған мемлекет. Қазақстан деген сөзде қазақтың мемлекеті деген ұғым жатыр. Сондықтан да, бұл идеяны, менің ойымша, қазақ тілінде «қазақстандық ұлт» емес, «қазақстандық ел» деп атаған жөн тәрізді. Өйткені, халқымызда «ел» деген ұғымның астарында аса үлкен біріктіруші, топтастырушы күш жатыр. Ерте замандардың өзінде «егемен болмай ел болмас» деген бабаларымыз елдікке шақыру, ел болуға үндеу арқылы мемлекеттіліктің берік іргесін қалап келген. Сонымен бірге «Қазақстан» сөзінің өзі «Қазақ елі» дегенді білдіреді ғой. «Қазақстандық ел» – Қазақстан халқын одан әрі біріктіретін ортақ ұғымды орнықтыру жолындағы бір ой» [2].

«Қазақ елі» саяси идеясын жүзеге асырудың маңыздылығы осында жатыр. Сондықтан ел тәуелсіздігін, егемендігін нығайтуға тікелей ықпал ететін «Қазақ елі» саяси идеясын тиімді

ұйымдастыру, бағалау, талдап зерттеу бүгінгі және келешек Қазақстанның өзекті міндеттерінің біріне айналып отыр.

Жалпы, этнос ұғымының биологиялық және әлеуметтік-мәдени тұжырымдамалары Қазақстанның этнология ғылымына өте қажет, себебі біздің елде өмір сүріп жатқан 130-дан астам этникалық топтардың биологиялық және мәдени-этникалық бірегейлігін сақтап, жандандыру үшін мемлекеттік этносаясаттың мақсат-міндеттеріне қол жеткізудің ғылыми құралы болып табылады. Қазіргі таңда этносты өз ішінен бірнеше топқа бөліп қарастыру тәжірибесі бар. Полиэтникалық мемлекеттер жүйесінде бұл тәжірибе кеңінен қолданыс табады. Сонымен, этнос төмендегідей болып бөлінеді:

а) мемлекет құрушы төл этнос (титулды);

ә) этникалық азшылық (диаспора, этникалық топтар).

«Мемлекет құрушы немесе титулды этнос» термині ғылымға енгеніне жылдардың жүзі болса, ал «төл этнос» термині Қазақстан ғылымына жақында енді, оның алғаш болып қолданғандардың бірі – төл этнос яки титулды этностың әлеуметтік-саяси мәртебесі жайында еңбек жазған саясаттанушы Р.С. Арын [3].

Полиэтникалық мемлекеттердің этносаясаты мен ғылымында титулды этностың қоғамдық және мемлекеттік маңызы зор. Бұған айғақ ретінде 5 мыңға жуық этностар мен этникалық топтардың басын қосқан 226 әлем мемлекеттерінің 90 %-ы полиэтникалық құрамды болып келсе (Үндістан, АҚШ, Австралия, Жаңа Зеландия, Ресей, Қазақстан, Швейцария, Румыния, Индонезия, Филиппины, Иран, Ауғанстан, Пәкістан, Малайзия, Сингапур, Лаос, Африканың көптеген Батыс және Оңтүстік елдері), ал оның 10 %-ын моноэтникалық мемлекеттер (Исландия, Ирландия, Норвегия, Швеция, Дания, Германия, Польша, Австрия, Болгария, Словения, Италия, Португалия, Сауыт Арабиясы, Жапония, Бангладеш, Корея, Египет, Ливия, Сомали, Мадагаскар және т.б.) құрайды. Моноэтникалық мемлекет деп аталынуының себебі, тұрғын халқының 90 %-ын титулды этнос құрайды [4].

Жоғарыдағы этникалық белгілері бойынша мемлекеттердің жіктелуіне биэтникалық құрамды мемлекеттерді жатқызуға болады. Биэтникалық құрамды мемлекеттерде екі ғана этностың үстемдігі белгіленеді. Әлемде биэтникалық құрамды екі ғана мемлекет бар: Белгия мен Канада. Мәселен, Канадада екі

негізгі этнос мемлекеттің қызметін жүргізеді: англо-канадалықтар және франко-канадалықтар. Осыған орай екі мемлекеттік тіл бар: ағылшын және француз тілдері. Аталған екі этнос төл этностың мәртебесіне ие.

Сонымен, мемлекет құрушы немесе төл этнос деп өзі тұрып жатқан мемлекеттің құрылуына негіз болған, сондай-ақ осы мемлекетке этникалық атау берген этносты айтамыз.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясы сессияларының бірінде сөйлеген сөзінде: «Ең алдымен мемлекет құрушы этнос ретінде қазақтардың ролін ұмытпауымыз керек. Қазақстанның тәуелсіздігі – қазақтарға тағдырдың тартқан сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастан кешу арқылы қолы жеткен өз мемлекеттігін құруға деген заңды құқығы. Бұл даусыз тарихи және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуге тиіс» [5].

Тарих тұңғығына зер салсақ, кезінде үйсін, қыпшақ, керей және т.б. ру-тайпалар бірігіп, қазақ этносын құраса, XV ғасырда оның есімімен Қазақ хандығы құрылды. Міне, осы тарихи мысалдан қазақ этносының ұйыстыру, біріктіру, топтастыру қасиетін ескере отырып, XXI ғасырда Қазақстандағы барлық этникалық топтар қазақ этносының жанына топтасып, азаматтық қоғам сипатындағы Қазақ елін қалыптастыруы қажет.

Әрине, бұл жерде Кеңес өкіметіндегідей төл этносқа барынша құқықтық немесе өзге де артықшылықтар беріп, этностық азшылыққа байланысты кемсітушілік пиғылдары мүлдем жоқ. Полиэтникалық мемлекеттердің заңды қағидаларына сай Қазақстанда барлық этностық топтардың құқықтары мен заңды мүдделері теңдей қарастырылады. Тәуелсіз полиэтникалық, құқықтық-демократиялық мемлекеттердің топшылауындағы төл этностың ролі кеңес өкіметіндегі ұлттық мәселелер жөніндегі «білім энциклопедиясына» айналған Сталиннің ұлттық теориясында жарияланған «аға бауыр» («старший брат») мәртебесінен мүлдем өзгеше. Сталиннің орыс этносына «аға бауыр» мәртебесін, басқа этникалық топтарға «кіші бауыр» («младшие братья») мәртебесін беруі ұлтшылдық және шовинистік бағыттағы саяси ұстаным еді. Ол түптің-түбінде Кеңес өкіметін жермен-жексен етті.

Қазақстанда әр алуан этностардың тұруы Қазақстанды мекендейтін барлық этникалық топтардың мәдени жетістіктерін одан ары дамыту мен сақтауға, олардың рухани-мәдени

төлтумалылығын қайта түлетуге, барлық ұлттық мәдениеттердің дербестілігі мен құндылығын мойындауға бағытталған тиімді этномәдени саясаттың қажеттілігін керек етеді.

Сондықтан да КСРО құлағаннан кейін Қазақстан Республикасы тәуелсіздік ала салысымен этноәлеуметтік реттеу мен тоталитарлық режимнің салдарынан арылудың жаңа тұжырымдамасын жасап шығарды. Оның барлық талаптары Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да заңнамалық құжаттарда көрініс тапқан.

Тәуелсіздік алғалы бергі мемлекетіміздің этносаясатының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасындағы барлық этникалық топтардың тең құқылы өмір сүруі мен ынтымақтастығын қамтамасыз ету болды. Елімізде демократияның негіздерін құру, азаматтық қоғамды қалыптастыру, Қазақстанның тұрақты экономикалық және саяси дамуы, осының бәрі этникалық мәселенің табысты шешімдерін талап етті. Халықтың полиэтникалық құрамы қоғамдағы этникалық проблемаларды түсінудегі көзқарастардың әртүрлілігін қалыптастырды.

Мұндай контексте этникалықты саясиландыру проблемаларын шешу тәуелсіз Қазақстан үшін негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Осыған орай, мемлекеттің саясаты екі негізгі принципке негізделді: біріншіден, ол этникалық топтардың құқықтарын қорғау мен ұлтаралық қатынастарды дамытуды қамтамасыз етуге бағытталса, екіншіден, қоғамды демократияландыру мен жеке адамдардың құқығын қорғауға негізделді, яғни, бұл жерден де біз қоғамдағы этносаясаттың субъективтік аспектілерін байқай аламыз. Бұл процесті сарапшылар мынадай үш негізгі кезеңге бөледі:

1. 1991-1995 жылдар – этноұлттық саясаттың басым болуы. Бұл мемлекетке қысқа мерзім ішінде ұлттық мемлекеттіліктің негіздерін жасауға, қазақ халқының рухани және басқа ресурстарын жұмылдыруға көмектесті. Қазақ халқының ішкі этникалық интеграциясы өтпелі кезең жағдайында жас мемлекеттің өмір сүруінің шешуші факторы болып есептелді. Сөйтіп, бірінші кезеңде қазақ ұлтының ұлттық-рухани даму қалпын сақтау нәтижесінде мемлекеттік этноұлтшылдық толық мойындалды.

2. 1995 жылы Қазақстанның жаңа Конституциясының қабылдануымен басталды. Бұл құжатта қазақстандықтарды титулды және титулды емес ұлттардың өкілдері деп

бөлу жоқ. Мұнда этносаясат қазақстандық ұлттарды азаматтық қоғамның принциптеріне негізделген азаматтардың саяси қауымы ретінде қалыптастыруға бағытталды. Қазақстандық мемлекеттілікті азаматтылық принциптегі модернистік модель негізінде құруды білдіреді.

3. Ал 2007 жылғы Конституцияға енгізілген өзгертулер бойынша Мәжілістің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды.

Яғни, Ассамблея – мемлекеттің құрамындағы этностар мен мемлекет аппаратын жалғаушы құрылым. Бүгінгі таңда Ассамблея іс жүзіндегі халықтық дипломатия органына әрі диаспоралармен жұмысты ұйымдастырудың орталығына айналып отыр. Осы бағытта тереңдетіп, кеңейтілген шаралар ішкі саяси тұрақтылықтың кепілі болмақ. Сонымен бірге, Қазақстанда жалпытанылған көппартиялық жүйенің қалыптасуына сәйкес, республикадағы ұлтаралық қатынастарды реттеуге белгілі дәрежеде қоғамдық қозғалыстар мен саяси партиялар, БАҚ қатысып отырғанын айта кеткен жөн.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы «Қазақ елі» саяси идеясының қалыптасуы мен дамуы, оның жүзеге асуы толық кешені елдің әлеуметтік-экономикалық, этнодемографиялық, лингвистикалық және конфессиялық өлшемдерімен сараланатынын аңғарамыз. Бұл өлшемдер қалай дамыса, этносаяси процестер де солай дамып, халықтың бірлігі мен ынтымағы жарасады. Еліміздің Ата Заңында азаматтардың еркін өмір сүруіне, жетілуіне ешқандай шектеу қойылмай, дініне, нәсіліне қарамастан барлық адамдарға тең құқықтар берілген. Бұл, өз кезегінде, саяси және жалпы ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуде зор рөл атқарады, барлық Қазақстан азаматтарының мемлекетімізді өркендету, көркейту мақсатында бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып қызмет етулері үшін жағдай жасалғандығының айқын дәлелі.

Қазақстан қоғамы бүгінде алмағайып әлем үшін аса қажет ұлтаралық татулық пен келісімді, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп отыр. Мұндай ұстаным тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттің бүкіл ішкі саясатының өзегі болды. Қазақстанда ұлттық-мәдени әралуандық пен бірлікті жаңғырту әрі дамытудың мемлекеттік саясаты жүзеге асырылады. Әлемдік қауымдастықта еліміз бейбітшілік пен этносаралық, дінаралық татулықтың, тұрақтылықтың аралы ретінде, тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап ұлттар мен ұлыстар арасындағы татулыққа өз

үлесін қосып, әрдайым бейбітшілік пен татулық принциптерін ұстанатындығымен кеңінен танылды.

Әдебиеттер

1 Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.egemen.kz/2011/01/29/26545/>

2 Назарбаев Н. Ұлттың ұлы мұраты жолын-

да ұйысайық // Егемен Қазақстан. – 2008 ж. – 31 мамыр. – № 160-161. – 1-3 б.

3 Арын Р.С. Төл этностың әлеуметтік-саяси мәртебесінің эволюциясы (Қазақстан Республикасының материалдарында) // Саяси ғылымдардың докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. – 40 б.

Gender policy in Middle East and North Africa in the aftermath of Arab Spring

In this article the authors made an attempt to analyze gender policy in Middle East and North Africa in the immediate aftermath of the Arab spring.

Comparative analysis is conducted based on existing statistical data and sociological polls. Key tendencies of the current situation of women are identified, as well as public policy is defined for several countries of the region. Key areas of concerns and gaps, requiring urgent state attention, are described.

The authors also made an attempt to streamline effective directions of work for consistent implementation of the gender policy, advancing women's human rights and increasing their political participation in the context of current reforms and transformations.

Keywords: Public policy, gender relationships, policy, democratization, discrimination of women, women's human rights, women's political participation, globalization, Arab spring.

ӨОЖ 37.017.4

М.Ө. Насимов^{2*}, Б.М. Шаймерденова¹¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.²«Болашақ» университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

*E-mail: nasimov_m@mail.ru

Патриотизм қазіргі қоғамдағы ұлттық сана мен бірліктің іргесі ретінде

Аңдатпа. Қоғамның барлық салаларының дамуы, саяси-экономикалық үрдістердің сәтті жүзеге асуына, жүргізіліп жатқан реформалармен қатар, ұлттық сана мен патриоттық сезімнің қалыптасуына байланысты болып келеді. Нарықтық қатынастар заманы болғанмен, әлемнің барлық елдерінде патриотизмді қалыптастыру мәселесіне басым назар аударылады. Осыған байланысты бүгінгі күні әрбір мемлекеттің алдында негізгі міндет патриотизмді қалыптастыру белгілерін және жолдарын анықтау болып табылады. Ал патриотизмді ұлттық сана мен бірліктің іргесі ретінде қарастыру, мемлекеттік саясаттың барлық салаларына қатысты бағыттталып, жүзеге асуы қажет.

Түйін сөздер: патриотизм, ұлттық сана, саясат, қоғам, саяси тұрақтылық, саяси идеология.

Бүгінгі таңда патриотизмді қалыптастыру мәселесін зерттеу, қазіргі қоғамның дамуы үшін, теориялық және тәжірибелік маңызды екеніне күмән жоқ. Өйткені ол қоғамның бүгінгісі мен келешегін анықтайтын қозғаушы және біріктіруші факторлар қатарына жатады. Патриотизм мәселесімен терең тамырлас, құрамдас болып, байланысты дамитын ұғымдар Отан, ана тіл, жер, ұлттық мәдениет, ұлттық идея, ар-намыс, ұлттық мүдделер және т.б. жатады. Қазіргі таңдағы қоғамдық, саяси-экономикалық ахуалдың адам факторынан, рухани дамуымыздың маңыздылыққа ие болып отырған өзекті мәселелердің бірі – қоғамда патриотизмді қалыптастыру болып табылады. Азаматтарды отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеу, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде кең көлемде дамуына, ана тілімізді арындай сақтауға, ел бірлігін нығайтуға атсалысу негізгі мәселелердің қатарына жатады. Елдің рухын көтеру, ұлттық мақтаныш сезімін оята білу, отансүйгіштік, ұлтжандылық, елжандылық сынды қасиет қалыптастыру – тәуелсіз мемлекетіміздің дамуы үшін айрықша маңызды мәселе болып отыр.

Патриотизм – (гректің *patrie* – Отан) қоғамдық және адамгершілік принципі [1]. Ресейлік ғалым В.В. Макаров: «Патриотизм кез келген саяси, әлеуметтік, этникалық топтық ғасырлар бойына тұтастығын қамтитын құбылыс», – деп көрсеткен болатын.

Патриотизм – азаматқа мінездеме беретін негізгі қасиеттерінің бірі болып табылады. Бұл әлеуметтік күрделі құбылыс тек қоғамдық сананың шегін ғана көрсетіп қана қоймай, қоғамның өмір сүруінің және дамуының негізгі қайнар көзі болып табылады. Патриотизм азаматтардың ұлттық сана сезімінің жалпы және ажырамас бөлігі болып, қоғамның рухани құндылықтарының қалыптасуына негіз болады.

Патриотизм – көпқырлы күрделі түсінік. Ата-бабалардан қалған мәдени-тарихи құндылықтарды сақтап, мемлекет азаматтарының заманға сай болып жатқан өзгерістерге бейім болып, өзінің туған елі, Отанның гүлденуіне бар күшін салып, ұлтының, халықтың тілін, мемлекеттік төл нышандарын, ділін құрметтеп, қастерлеу.

Жалпы алғанда патриотизм бұл Отанына, туған жеріне деген асқақтаған, шынайы сүйіспеншілігі. Патриотизм көптеген ұлы жеңістердің және жетістіктердің себепшісі болған. Патриотизмді адам құндылықтарының ең жоғары сатысына қоятыны кездейсоқ емес.

Патриоттық идеялар бұқара халықтың сана-сына ықпал жасаған кезде көптеген ұлы және прогрессивті дамудың жетекші себебі ретінде болған. Патриотизм мемлекетті қиын және ыдыраудан көптеген халықтарды сақтаған болатын. Қазіргі әлемдегі жаһандану процесін еске алатын болсақ, патриотизм мәні бүкіл әлемде артуда.

Қазіргі Ресейдегі патриоттар оны еңбек негізінде дамытуға тырысады. Сондықтан патриотизм және социализмнің бір-бірімен қалай үйлесетіні туралы сұрақтар туындайды. Қоғамдық-саяси бағытталу ретінде патриотизм социализм сияқты прогрессивті бағыт болып табылады. Бірақ патриотизм социализмге қарағанда ертерек тарих сахнасында пайда болды. Ол Қытайда, Египетте, Вавилонда, Грецияда, Римде бірінші көне өркениеттердің пайда болу уақытымен бірге өз бастауын алады. В.И. Ленин патриотизмнің тудырушы себептерге тек мемлекет және оның шекараларын ғана айтпай, отандағы «мәңгілік» («тіл», «территория») туралы айтқан болатын [2]. Ол мәңгілікті тырнақшаға алғаны, Отан – тарихи категория болып саналатынына байланысты.

И.А. Ильинмен қатар патриотизм зерттеудегі негіздерін С.В. Слукиннің [3] еңбектері негізінде қарастыруға болады. Ол патриотизмді күрделі әлемдік көзқарас жүйесі ретінде анықтайды. Адамды оған тиесілі рухани және материалды-заттық мұра ретінде ұлттық, жақын құндылықтарды қорғауға, сақтауға бағыттайды. Осыдан көретініміз, патриотизм тұлғаның мақсаттылы әлеуметтік әрекеті болып табылады. Осы әрекет негізінде адам өзін толыққанды тұлға ретінде көрсете алады. Патриотизм – мәдениеттің әмбебаптылық максимумдары негізінде, феноменологиялық құндылықтар тәртібі негізінде қалыптасқан ұғым. Патриотизмнің мәнін, түсінігін әр этнос және мемлекет өзінің құпия шарттары, ережелері, әлеуметтік әрекеттері негізінде ашып, түсіндіреді. Осыдан анықтайтынымыз ол әр этноста патриотизмді түсінуде өзінің шартты белгілері бар. Келесі сөздер бұған айқын дәлел ретінде болады: «Әрбір өркениеттің өзінің сақталған шартты белгісі болады – бұл оның барлық салаларында әрекет етудің ережелерін және принциптерін нақты, ортақ жоспар негізінде көрсететін жүйесі болып табылады» [4]. Өзінің этносқа қатысты ұлттық, отандық тәжірибенің бұзуы, этностың өркениеттік шартты белгісін (нақты айтқанда рухани, мәдени белгілерін) жоғалтуымен тең болып келеді. Ильиннің патриотизмге қатысты осындай тұжырымдамасы халықтың рухани деңгейін көтеруге және «халық рухы» деген түсініктің қолданылуын қамтамасыз етеді.

Басқаша айтсақ, ұлттық тұрмыс рухани табиғаттың мәні болып келеді, барлық халықтардың рухани біртұтастығын анықтайды.

Ал «рухани табиғат» халықтың өмірін мәнге толтырып, қоғамды біріктіреді және құқықтық, мемлекеттік формаларда азаматтардың патриоттық біртұтастығына негіз болады.

И.А. Ильин отанды табу жолында адамның жолында екі мәселені көреді. Біріншіден, патриотизм түсінігінің рухани мәнін нақты түсінбеу, екіншіден, патриотизм сезіміне өте қатты берілу.

И.А. Ильиннің тұжырымдамасы бойынша патриотизм басқа халықтың қазынасы, рухани толғаныстары мен қуанышы, басқа халықтың рухани тәжірибесінің өнімі бола алмайды. Тек қана индивидуалды бағытталған рухани және пәндік тәжірибе бола алады.

И.А. Ильин «ұлттық мінездің руханилығы» және «Рухтың ұлттық мінезі» деген түсініктерді бөліп қарастырады [5]. Біріншісі жаһандық деңгейде ұлттық қоғамның өзін-өзі сақтау мәніне негізделген. Ұлттық мәдениетінің маңызын ерекше айтып, әртүрлі ұлттық мәдениеттердің рухани арақатынасын білдіреді.

Патриотизм феномені көпдеңгейлі және көпәспектiлi ерекшелiктерге толы ұғым болып келеді. Ол үш негізі идентификация түрлерінің негізінде көрініс табады. Бұлардың қатарына мемлекеттік, ұлттық және жеке түрлері жатады. Отанға деген махаббатын тек рухани ғана құндылық ретінде санамай, оны мемлекеттік саяси кейпінде де сүю сезімін қалыптастырады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының жаңа жалпыұлттық мүдделерін табу мақсаты алға қойылған, олардың бірі болып жалпықазақстандық патриотизм болып табылады.

Жалпықазақстандық патриотизм – ол тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыстардың бәріне қатысты құбылыс. Дегенмен ешкімді елін, Отанын зорлап, күштеп немесе алдап-арбап шын сүйгізу мүмкін емес. Елін сүю – әрбір адамның рухани қасиетінің ішкі көрінісі мен мазмұны.

Жалпы адамның даму процесі отансүйгіштік қасиетін туғаннан бастап бойына сіңіреді. Отбасындағы тәрбие, оқу мен еңбек ұжымы, өмірдің өнегелік тәрбиесі, партиялық және түрлі қоғамдық ұйымдар, діни орталықтар отан сүйгіштік сезімге ықпал етеді. Биологиялық емес, бірте-бірте сіңісетін қасиет, рухани-психологиялық және саяси-әлеуметтік құбылыс саналады.

Жалпыұлттық патриотизм – бұл өзін республика халқының органикалық бөлігі деп

қабылдау, халықтың және елдің мүддесін әскери қорғанысқа дейін қорғайтын Қазақстанға тұтас Отанға деген сезіммен қарау, азамат ретінде борыштық намысын қалыптастыру. Ал, жалпықазақстандық патриотизм болса, басқа халықтардың құрмет сезіміне, адамзаттың адамгершілігіне қарсы емес. Толық патриотизм бірінші кезекте мемлекеттің негізі болатын консолидация, ұлттың бірігуі болған жағдайда ғана мүмкін. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі Қазақстанда тұратын халықтардың өзінің мәдениетімен және тілінен басқа өз Отанына деген махаббат қалыптасады, жалпықазақстандық ұлттық мақтаныш орын алады [6].

Қазіргі демократиялық реформалар жағдайында жаңа идеялар мен құндылықтарды қалыптастырудың қажетті шарттарының бірі – саяси тұрақтылық. Ел басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бүкіл күш-жігері елде саяси тұрақтылықтың пен ұлтаралық татулықты сақтай отырып, әлеуметтік-саяси мәселелерді байыппен шешуге бағытталған. Мұның көптеген нәтижелерін көріп те отырмыз. Елімізде жаңа тұрпатты мемлекеттік басқару жүйесі, әлеуметтік құрылымдар қалыптасуда. Олардың бәрінің қызметі жаңа қоғамдық сананы, жаңа ұлттық идеяны қалыптастыруға бағытталып отыр.

Саяси идеология белгілі бір топтың, этностардың қоғамдағы әлеуметтік орнына, мүдделеріне қатысты болып келеді. Бірақ осындай жағдайда «идея» ұғымы идеологиядан ауқымды. Қоғам өмірінің ағымында идея жалпы ұлттық мүддені білдіргендіктен, белгілі бір топтың этностың ғана пайдасына бағытталмайды.

Ұлттық идеяның қозғаушы күші жастар екендігін мойындай келе, бүгінгі қазақ жастарының көпшілігі ана тілін толыққанды меңгермегендігін, бір бөлігі мүлдем білмейтінін ескеретін болсақ, онда біздің тіліміз бен мәдениетіміздің бүгіннен ертеңі қиын жағдайда қалуы әбден мүмкін. Біздің ұлттық рухымыздың потенциалды қарсыласы мен жауы өз ішімізде екендігін мойындауымыз керек. Сондықтан, біздің ең кезек күттірмейтін мәселелеріміздің бірі – ол қазақ жастары арасында кең көлемде ана тілін арындай қастерлеу, ар-намысын ояту аясында тәрбиелік іс-шараларын қолға алу. Ұлттық идея аясында, өзімізді-өзіміз тәрбиелеп алмай, басқа ұлт өкілдеріне ауқымды, кең көлемде қуаттаушы идеологиялық күш бере алмайтынмыз бүгінгі өмір заңдылығы. Тоталитарлық режимнің заңдары немесе күштеп идеология

қалыптастыру бүгінгі демократиялық қоғамның принциптеріне қайшы екендігін түсінетін болсақ, онда қазақ жастарының тәрбиесіне айрықша және жедел түрде көңіл бөлуіміз керек. Ана сүтімен келген тілін қастерлемейтін қазақ жастары болашақта ұлтымыздың қандай жанашыры болмақ? Сондықтан тілді үйренуге қажеттілікті туғызу керек.

Жастарды отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеу, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде кең көлемде дамуына, ана тілімізді арындай сақтауға, ел бірлігін нығайтуға атсалысу қажет.

Сондықтан қазіргі жаһандану уақытында ұлт болып жоғалып кетпеу үшін, мемлекеттік тілді қастерлеу әр саналы, дамыған азаматының басты ісіне айналады. Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын ту, елтаңба, Гимн секілді нышан. Ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс.

Ол кез келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі болып табылатыны жақсы мәлім. Әлемде көп ұлтты елдер аз емес. АҚШ-ты, Ұлыбританияны, Францияны, Германияны, Ресейді алып қарайық. Олар көпұлтты және бұл елдерге көптеген эмигранттар келіп жатады. Бұл мемлекеттерде мемлекеттік тілді білмей өмір сүруге және жұмыс істеуге бола ма? Әрине, жоқ.

Біз бұл мәселеде қажетсіз саясаттандырушылыққа ұрынбадық, тіл мәселесін ел халқының тілдік сұраныстарын ескере отырып, өркениетті әдістермен шешуге ұмтылып келеміз.

Қазақстанда қазақ рухы өмірдің барлық ашық және жасырын қалтарыстарынан сезініп тұруы қажет. Ұлттық құндылықтарды көрнекі насихаттау, баспасөзде қазақ тілін бірінші кезекте шығару, әкімшілік қызметі, қаржы жұмысы және шаруашылықта қазақ тілінде жүргізу арқылы «қазақ ұлтының» жаңа, екінші тынысын ашуға болады. Ұлт саясатының елдегі әлеуметтік, этникалық және қоғамдық келісімді, өзара татулықты нығайту мақсаттары құптарлық. Осындай әлеуметтік этникалық тыныштықты қазақ ұлтының тілдік, мәдени, рухани және шаруашылық өркендеуіне пайдалану арқылы қазақ ұлтының сақталуын қамтамасыз етуге болады.

Қазақстан патриоты, ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясын, мемлекеттік рәміздерін, төлқұжатын, теңгесін, мемлекеттік тілін ерекше құрметтеп, басқа да мемлекеттік нышандарды шын ниетімен қадірлеп, өзгелерден де осыны талап етуі керек. Жалпы мемлекеттік рәміздер мен заңға құрмет көрсету бүгінгі

өркениетті қоғамның өмір салтына айналған дәстүр.

Себебі, өз тілін, ділін, халқын қастерлеп, құрметтейтін тұлғалар азаматтық қоғамның толыққанды мүшесі болады. Азаматтық қоғамға қатысы жоқ, бірақ басқа жағынан алғанда өз тілін, халқын сүйетін азаматтар патриот деп аталады. Ал еліміздің осындай азаматтары саяси-экономикалық және әлеуметтік үрдістерге қатысып, өз мүмкіндіктерін шектемей, азаматтық қоғам институттарының дамуына үлес қосады.

Әдебиеттер

1 Ергали И.Е. *Философия как духовная деятельность* / под. ред. А.С. Серикбаева. – Астана:

Академия гос. Службы при Президентет РК, 2003. – 283 с.

2 Тоффлер Э. *Третья волна*. – М.: АСТ, 1999. – С. 92.

3 Слукин С.В. *Патриотизм в социокультурном развитии личности: дис. канд. филос. наук* – Екатеринбург, 2005. – 194 с.

4 Хмелевский В.А. *К вопросу о происхождении и развитии советского патриотизма*. – М., 1948.

5 Ильин И.А. *Путь духовного обновления* // *Путь к очевидности: Соч.* – М.: Эксмо-Пресс, 1998. – 912 с.

6 Елубай С. *Біткен іс бір тоғыз, бітпегені – тоқсан тоғыз* // *Ана тілі*. – 2007. – 2 қаңтар.

М.О. Насимов, Б.М. Шаймерденова

Патриотизм как основа единства и национального сознания в современном обществе

В статье рассмотрены основные аспекты формирования патриотизма в современном казахстанском обществе. Особенность этой статьи заключается в том, что именно сегодня для политической науки очень важно детально рассмотреть сущность понятия «патриотизма». Авторы статьи определяют особенности формирования патриотизма не только у молодого поколения, но и общества в целом. Также, приводится авторская трактовка патриотизма в современном обществе.

Ключевые слова: патриотизм, национальное сознание, политика, общество, политическая стабильность, политическая идеология.

M.O. Nasimov, B.M. Shaimerdenova

Patriotism as the basis of unity and national identity in modern society

The article reflects main aspects of patriotism development in modern society of Kazakhstan. Significance of the article is that it is very urgent for today's Political Science to learn in detail definitions of "patriotism". Authors of the article determine peculiarities of developing of patriotism not only of young generation but also of society as a whole. The authors give the definition of patriotism in modern society.

Keywords: patriotism, national identity, politics, society, political stability, political ideology.

УДК 351(574)

Ш.Б. Халикова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

E-mail: shahnaz.khalikova@mail.ru

Повышение эффективности государственного управления Республики Казахстан

Аннотация. Вопросы повышения эффективности и результативности государственного управления в современных условиях приобретают особую значимость. Одной из стратегических задач правительства является поэтапное внедрение различных методов повышения результативности деятельности органов управления. А именно, разработка нормативных документов и внедрение системы оценки эффективности деятельности госорганов. Мировой опыт свидетельствует о том, что правительства стремятся повысить эффективность государственного управления путем внедрения системы оценки эффективности деятельности госорганов. Особую актуальность внедрение оценок эффективности работы приобретает в контексте приоритетов реализуемой политики децентрализации, в рамках которой большое значение придается повышению качества принимаемых решений в сфере государственного регулирования, внедрению элементов результативной модели управления и программно-целевого бюджетирования. Большое влияние на повышение эффективности работы органов исполнительной власти и на совершенствование их отношений с гражданами оказывает развитие информационных технологий. Таким образом, необходимо отметить, что в Казахстане полным ходом идет реформа органов власти с целью построения эффективной системы государственного управления.

Ключевые слова: эффективность государственного управления, административная реформа, стратегические цели, система оценки эффективности деятельности госорганов.

Одной из стратегических задач нашего Правительства является создание реально работающей системы государственного управления по принципам результативности, прозрачности и подотчетности обществу. Задача по созданию такой системы управления была поставлена главой государства еще в 2006 году, когда были определены необходимые параметры административной реформы.

Именно реформы по оптимизации системы государственного управления первых лет независимости способствовали тому, что Казахстан смог заявить о себе всему миру. А казахстанская модель экономического развития стала предметом особого внимания и изучения. Реформы и развитие стали главными идеями нашего общественного единения во имя создания нового Казахстана. Новые экономические и общественные отношения требуют и нового качества государственного управления. Нашему государству необходимо обеспечить это качество и достаточные условия для дальнейшей экономической и политической модернизации, для еще более активной интеграции Казахстана в мировое сообщество.

С точки зрения критериев эффективности

государственного управления процессы, происходящие в государствах постсоветского пространства, противоречивы и неоднозначны. Формы и методы их проведения в большинстве случаев таковы, что негативные, разрушительные моменты длятся слишком долго. Следует отметить, что в Казахстане по направлениям и тенденциям, по идее, замыслу, реформы являются положительными, обоснованными и призванными оправдать возлагаемые на них надежды.

Критерии эффективности государственного управления должны применяться не только к будущему, которое никому не ведомо, и не только к прошлому, которое легко критиковать, осуждать и пр., но нельзя никак переделать, но, прежде всего к настоящему, когда еще есть шанс своевременно обнаруживать ошибки, заблуждения, обман и что-то изменять к лучшему. В частности, речь идет и о том, чтобы выбрать такой способ проведения реформ, при котором создание нового качества не приводило бы к потере и снижению уже достигнутого уровня жизни людей. В этом коренное отличие реформ от революций и войн, несущих с собой несчастья и бедствия. Повседневное соотнесение получаемых резуль-

татов государственного управления с критериями его эффективности позволяет видеть смысл и значение управленческих усилий, социальную ценность, актуальность и действенность самого управления [1, с.87].

Стратегическим документом, определившим четкие направления реформирования системы государственной власти, стала Стратегия долгосрочного развития Казахстана до 2030 года «Казахстан-2030». Этой программой была предусмотрена широкомасштабная реформа, имеющая своей целью дальнейшую демократизацию и построение эффективного государства в Казахстане. При этом акцент был сделан на создание «профессионального государства», подразумевающего эффективный и современный корпус государственных служащих, преданных делу и способных выступать представителями народа в достижении приоритетных целей страны. Всего было определено семь основных принципов создания эффективной системы государственной власти.

Правительства, добившиеся успеха, – компактны и сконцентрированы на нескольких главных функциях, которые в состоянии выполнять только государство. Более того, эффективные правительства фокусируются на ограниченном числе приоритетов и на реализации стратегий по достижению этих целей. Эффективность Правительства базируется на трех взаимозависимых факторах: его структурной организации, стратегической координации, уровне подготовки кадров. Нашей задачей на ближайшее будущее станет создание небольшого и гибкого аппарата, состоящего из способных и преданных кадров, владеющего методами стратегического планирования.

При оценке результативности государственного управления возникают специфические трудности. Эффективность деятельности органов управления – понятие сложное, оно охватывает множество различных аспектов. Ее в той или иной стране невозможно верно оценить при помощи только одного показателя. Поэтому нужно использовать как можно больше разнообразных источников информации по вопросам государственного управления, имеющихся в настоящее время.

Рассмотрим принципы работы по повышению результативности госаппарата:

- первым принципом была обозначена необходимость создания компактного и профессио-

нального Правительства, сконцентрированного на выполнении лишь нескольких наиболее важных функций;

- вторым принципом стала необходимость работы органов власти по программам действий на основе стратегий;

- третий принцип – необходимость создания четко налаженной системы межведомственной координации;

- четвертый принцип – повышение полномочий и ответственности министров, их подотчетность и стратегический контроль за их деятельностью;

- пятый принцип – децентрализация внутри министерств, от центра к регионам и от государства в частный сектор;

- шестой принцип – создание эффективной системы противодействия коррупции;

- седьмой принцип – улучшение системы найма, подготовки и продвижения кадров [2].

Таким образом, была поставлена стратегическая задача создать для Казахстана эффективную государственную службу и структуру управления.

Мировой опыт свидетельствует о том, что любое правительство в любой системе стремится повысить эффективность государственного управления. Именно эффективная государственная власть способна повысить уровень и качество жизни населения, а также решить социально-экономические проблемы. В 70-80-х годах прошлого столетия первыми провели административной реформы такие государства, как США, Великобритания, Новая Зеландия, Австралия, Канада. Затем их примеру последовали Южная Корея, Сингапур, Малайзия, Таиланд, позже Бразилия и Китай. Осуществив системные административные реформы, эти страны продемонстрировали быстрый и устойчивый рост.

В мировой практике за последние два десятилетия произошел фундаментальный сдвиг от традиционного государственного управления к новому государственному менеджменту, что подразумевает изменение существующих методов и подходов к управлению. Акцент сделан на качестве государственных услуг. Усиливается ответственность и подотчетность государственных органов. Тем самым, органы исполнительной власти более сориентированы на потребителя, они более прозрачны и оперативнее реагируют на нужды граждан. Цель этих преобразований – сделать государство социально более сплочен-

ным и сильным, приблизить его к гражданину и обеспечить конкурентоспособность страны [3].

Нашему государству для максимально возможного развития его конкурентоспособности в мировой экономике, а также с целью создания условий для качественно более высокого уровня жизни казахстанцев, также необходимо внедрение новых подходов управления.

На современном этапе идет работа по созданию оптимальной, на наш взгляд, системы государственного управления, способствующей повышению эффективности работы государственного аппарата. Правительство Республики Казахстан определило пять приоритетов дальнейшего реформирования:

1. Повышение качества оказания государственных услуг.
2. Внедрение системы государственного планирования и бюджетирования, ориентированной на результаты.
3. Сокращение административного давления на предпринимательские структуры и наведение порядка в сферах, где присутствует избыточное государственное вмешательство.
4. Развитие «электронного правительства», прежде всего обеспечение широкого предоставления общественных услуг в электронной форме.
5. Реформа государственной службы.

Сейчас идет процесс упрощения и улучшения процедур оказания государственных услуг, разрабатываются их стандарты и регламенты. Смысл этой работы:

- во-первых, в существенном повышении качества предоставляемых государственных услуг;
- во-вторых, необходимо навести порядок во взаимодействиях служащих госорганов, физических лиц и субъектов предпринимательской деятельности.

Когда имеется четко сформулированный стандарт оказания услуги, тогда становятся понятными обязательства государственных органов и, соответственно, права физических и юридических лиц на получение государственных услуг установленного количества и качества. А регламентом оказания услуги определяется порядок действий не только государственного органа, но и должностных лиц. В 2007 году Правительством утверждены типовые стандарты и регламенты оказания государственных услуг, а также реестр государственных услуг, оказываемых фи-

зическим и юридическим лицам. И таких услуг уже насчитывается 132 вида. В дальнейшем предстоит продолжить разработку нормативных и целевых показателей доступности и качества государственных услуг. Необходимы регулярные социологические опросы населения для оценки качества и доступности государственных услуг [4].

В январе 2007 года состоялось заседание Межведомственной комиссии по проведению административной реформы под председательством премьер-министра Республики Казахстан К. Масимова. Одним из основных вопросов в ходе работы комиссии было обсуждение перспектив создания Центра по изучению актуальных вопросов государственного управления. Такой Центр необходим для осуществления непрерывной работы по совершенствованию системы государственного управления на основе проводимых исследований и независимой оценки работы государственных органов. К. Масимов одобрил идею создания подобного института. При этом он особо подчеркнул, что «все меры, принимаемые Правительством по проведению административной реформы, направлены на повышение эффективности деятельности государственных органов и качества оказываемых населению государственных услуг» [5].

Кроме того, в целях повышения эффективности работы исполнительной ветви власти, было принято решение о разработке ежегодной системы оценки эффективности и качества деятельности государственных органов, утвержденная указом Главы государства в марте 2010 года.

Следует рассмотреть пять критериев, лежащих в основе оценки:

- во-первых, правильность выбора стратегических целей и задач, целевых индикаторов и показателей результатов, ясность и четкость их изложения;
- во-вторых, степень достижения результатов с выявлением того, насколько скоординирована деятельность между госорганами;
- в-третьих, сравниваются фактически полученные результаты с теми, которые были запланированы в стратегическом плане госоргана;
- в-четвертых, информационная обеспеченность, т.е. проводится оценка таких показателей, как полнота и качество размещаемой информации, а также частота и своевременность обновления информации о реализации стратегического плана;

– в-пятых, сопоставляются цели и задачи стратегического плана с функциями госоргана, регламентированными Положением о госоргане и другими нормативными правовыми актами. Для проведения этой оценки используются отчеты госорганов о проведенной работе за отчетный период, статистические данные, результаты проверок, заключения независимых экспертов, информация неправительственных организаций и общественных объединений, позволяющие расширить горизонты объективной оценки [6].

В основе оценки регулирующего воздействия лежит набор критериев целесообразности, адекватности, осуществимости и эффективности государственного регулирования в рамках заявленных допустимых целей регулирующего воздействия, а также критериев результативности и эффективности.

Особую актуальность внедрение оценок эффективности работы приобретает в контексте приоритетов реализуемой политики децентрализации, в рамках которой большое значение придается повышению качества принимаемых решений в сфере государственного регулирования, внедрению элементов результативной модели управления и программно-целевого бюджетирования.

Предварительный анализ позволяет говорить, что в Казахстане проводились специальные исследования, посвященные оценке эффективности деятельности органов власти.

При поддержке ПРООН в октябре прошлого года была организована поездка сотрудников Администрации Президента в Канаду, чей опыт подтвердил, что внедрение системы оценки является своевременной мерой на данном этапе развития страны. Оценка в Канаде проводится уже более 30 лет, благодаря которой была значительно повышена эффективность деятельности госорганов. Как результат, во многом благодаря эффективной системе госуправления Канада находится в первой десятке всех мировых рейтингов.

В Казахстане в 2011 году успешно завершилась пилотная оценка 40 госорганов (24 центральных и 16 местных исполнительных органов), выявлены слабые стороны их деятельности и даны соответствующие поручения. В настоящее время госорганами начаты мероприятия по повышению показателей эффективности. Кроме

того, с учетом пилотной оценки Администрацией Президента совместно с госорганами осуществляется работа по доработке методологий.

Следует отметить, что большое влияние на повышение эффективности работы органов исполнительной власти и на совершенствование их отношений с гражданами оказывает развитие информационных технологий.

В этом направлении продолжается работа по формированию электронного правительства, прежде всего в части обеспечения широкого предоставления общественных услуг в электронной форме. Это позволит облегчить и ускорить связь между гражданами и органами исполнительной власти; ликвидировать ограничения, налагаемые, например, графиком работы или географической удаленностью органов исполнительной власти; обеспечить доступность информации, ее подлинность, конфиденциальность.

Широкое распространение электронных услуг способствует минимизации прямых контактов населения и чиновников, ведет к снижению коррупции, упрощению административных процедур и экономии времени. На современном этапе идет переосмысление парадигмы государственного управления, что вызвано глобальными социальными реформами, осуществляемыми в разных странах. Процессы трансформации привели к переходу цивилизации на постиндустриальные рельсы. Общество становится все более информационно открытым, при этом происходит принципиальное обновление понимания роли государственного управления, его социальной обусловленности, масштабности и эффективности.

Следует отметить, что реформы, проводимые в области государственного управления, имеют под собой хорошую почву. Результаты последних лет показывают, что предпринимаемые страной усилия не напрасны. Но Казахстану необходимо демонстрировать более успешные показатели по сравнению с другими странами.

Таким образом, можно констатировать, что на сегодня в результате проведенных реформ в Казахстане созданы предпосылки для создания эффективной системы государственного управления. В настоящее время в рамках реализации Стратегической программы «Казахстан-2030» в Республике Казахстан осуществляется очередная этап широкомасштабных системных реформ, имеющих своей целью в числе прочего

совершенствование государственного управления страны.

Литература

- 1 Атаманчук Г.В. Теория государственного управления: курс лекций. – М.: Юридическая литература, 1997. – 245 с.
- 2 Назарбаев Н.А. Казахстан-2030: Прогноз развития, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев / Н.А. Назарбаев // Послание народу Казахстана. – Октябрь 1997 года.
- 3 Абулкасова А.С. Реформа системы политико-административного управления в Республике Казахстан // Евразия. – 2008. – №1. – С.18-24.
- 4 Правительство Республики Казахстан. Об утверждении реестра государственных услуг, оказываемых физическим и юридическим лицам: постановление от 30.06.2007 № 561 // <http://www.pavlodar.com/zakon/?dok=03all>.
- 5 При Канцелярии Премьер-министра Республики Казахстан создается Центр по изучению актуальных вопросов госуправления // <http://zakon.kz/our/news/news.asp?id=30085537>.
- 6 Система ежегодной оценки эффективности деятельности центральных государственных и местных исполнительных органов областей, города республиканского значения, столицы / Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года // <http://adilet.minjust.kz/rus/docs/U100000954>.

Ш.Б. Халикова

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруының тиімділігін жоғарылату

Мақала Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруының тиімділігін жоғарылатуына арналған. Қазіргі заманда мемлекеттік басқарудың тиімділігін жоғарылату және нәтижелігін көтеру сұрақтары ерекше маңыздылыққа ие. Мақалада басқару органдары қызметінің нәтижелігін жоғарылатудың әртүрлі әдістерінің кезеңді енгізу қажеттілігіне саяси сараптама берілген. Атап айтқанда, нормативтік құжаттарды өңдеу және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін енгізу.

Түйін сөздер: мемлекеттік басқару тиімділігі, әкімшілік реформа, стратегиялық мақсаттар, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау жүйесі.

Khalikova Shakhnaz

Improving the effectiveness of public administration of the Republic of Kazakhstan

The article dedicated to the activities of the state to improve the effectiveness of public administration of the Republic of Kazakhstan. Improving the efficiency and effectiveness of public administration in the present conditions are of particular importance. It provides a political analysis of the need to phased implementation of various methods of increasing the effectiveness of the controls. Specifically, elaborating the normative documents and implementation of the system performance evaluation of state bodies.

Keywords: efficiency of public administration, administrative reform, strategic objectives, performance evaluation system of state authorities.

ӘОЖ 323 (574)

А.А.Камалдинова^{1*}, Ф.С.Мұсатаева²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: kamaldinova.aikerim@mail.ru

Қазақстанның әлеуметтік дамуындағы тіл саясатының маңызы

Аңдатпа. Мақалада авторлар Қазақстандағы тіл саясатының маңызын, әлеуметтік дамудағы орны мен рөлін жан-жақты қарастыруға тырысады. Жалпы алғанда, мемлекет ауқымындағы, әлеумет ішіндегі тілге қатысты мәселелерді шешу мақсатында белгіленген шаралар мен идеологиялық принциптер жиынтығы тіл саясатын құрайды. Дүниежүзіндегі әр елдің тіл саясаты өзінің ұстанған идеялық бағыт-бағдарына орай түрлі сипатта болып келеді. Демократиялық қоғам құруға талпынып жатқан егеменді Қазақстан үшін ұлт саясатындағы аса бір нәзік мәселе – тіл саясатының дұрыс жүргізілуі рухани жаңғыруға игі ықпал етері сөзсіз. Бұл тұрғыда республикадағы тіл саясаты демократиялы-прагматикалық мәнде өрбіп келеді. Міне, осындай өзекті мәселелер мақаладағы ғылыми зерттеуге негіз болған.

Түйін сөздер: әлеуметтік даму, тіл саясаты, Қазақстан, жолдау.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың биылғы ел халқына Жолдауында көтерілген әлеуметтік жаңғырту процесі тіл саясатымен тығыз байланысты. Өйткені әрбір жеке ұлттық идеяның басты ерекшелігін көрсететін деңгей – тіл болып табылады. Сондықтан да, тілді саясаттың құралына емес, адамдардың қарым-қатынас құралына айналуынан ғана тіл саясатының дұрыс бағытта екендігін байқауымызға болады. Кез келген тілдің дамуына немесе жойылуына тіл саясатының тигізетін ықпалы өте күшті. Тіл саясатына саяси ғылымда түрліше анықтама беріледі: яғни, ол дегеніміз – «мемлекеттің, таптың немесе партияның саналы түрде тілдің атқарушылық қызметін реттеп, оның құрылымына ықпал ету шаралары» – деп те, немесе: «тіл саясаты – мемлекеттің басқарушы табы қойған жалпы саяси мақсаттардың, нақтылай айтсақ, оның ұлттық саясатының ажырамас бөлігі» – деп те топшыланады [1].

Тілдердің тағдыры бүгінде бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Кейбір деректерде соңғы 50 жылда 400-ге жуық тілдің жоғалып кеткендігі айтылады. Тіл мамандарының пайымдауынша, бүгінде әлемдегі 6809 тілдің 90 пайызын қолданатындар саны 100 мың адаммен шектелген. Ғалымдар алдағы 100 жылда бүгінгі қолданыстағы тілдердің жартысына жуығы жоғалып кетеді деген қауіп айтады. Өйткені

2000 жылы 10 тіл жойылса, соңғы 30 жылда 200 тіл жоғалған, ал 372 тілдің тағдыры бүгінде қыл үстінде [2].

Қазақстан халқын біріктіретін рухани күш мемлекеттік тіл – қазақ тілі болуы сөзсіз. Тоталитарлық дәуірде кенжелеп қалған қазақтың ана тілі Елбасының тікелей тапсырмасымен жедел дамып, өркендеуі үшін арнайы комитет құрылды, бүкіл облыстарда әкімдікке бағынатын тек қана мемлекеттік тілмен шұғылданатын басқармалар өмірге келді. Оның бер жағында тәуелсіздік бастауында-ақ құрылған «Қазақ тілі» қоғамдары тағы бар. Қаншама зиялыларымыз халықпен жүздескенде, баспасөз беттерінде ұлттық тілдің қасиетін де, қасіретін де күнде айтып, баспасөз беттерінде талдап жазып жатыр. Мемлекет жыл сайын мемлекеттік тіл үшін миллиондап қаржы да бөлуде. Алайда атқарылған едәуір жұмыстарға қарамастан, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолдану мәселесі өткір күйінде қалып отыр. Жалпы, Қазақстанда тілге байланысты үш рет заң қабылданды. Әр онжылдыққа арналған мемлекеттік тілді дамыту бағдарламалары және бар. Соңғы Конституциялық Заңға сәйкес, тілдің қолданылу аясын кеңейту, оның ресми құжаттарды жүргізуге жедел түрде енгізілуін қадағалауға байланысты бірқатар қаулы-қарарлар қабылданып жатқанымен, солардың іске асып жатқаны шамалы.

Осы жерде ащы болса да мынадай шындықты қынжыла мойындаған жөн: Қазақстаннан өзге ешбір ұлттық мемлекетте мемлекеттік тілді дамыту қиын проблема болып саналмайды. Мемлекеттік тілді меңгеруге байланысты қазақстандық қоғам бүгінде түрліше жікке бөлініп отыр. Еліміздегі үш қазақстандықтың екеуі өмір сүріп жатқан мемлекетінің тілін терең меңгермеген. Қазақ этносы, сонымен қатар қазақстандық қоғам бүгінгі күні тілдік қағидат бойынша негізінен қазақ тілді және орыс тілді болып екіге бөлінуде.

Мемлекеттік тілдің өз деңгейінде болмауының бір көрінісі – қазақ халқы саны жағынан тұрғындардың 60 пайызынан астамын құраса да, қазақ тілінде ана тілі ретінде сөйлейтін қазақтардың санының төмен болып қала беруінде. Сонымен қатар, Қазақстан бүгінгі күні тек екі ғана емес, үш тілдің: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің өзара әрекеттестік алаңына айналғанын атап өту қажет. Іс жүзінде қазақ тілі екі әлемдік тілмен бәсекелестік бәйгесіне түсті. Осыған байланысты біздің елде, дүние жүзінің көптеген басқа да елдеріндегідей, тілдің қорғаныс тетіктерін енгізу керек. Егер қазақтарға қызмет көрсететін үкімет органдары және басқа да мекемелер мен ұйымдар оларға ана тілінде қызмет жасамаса, кейбір көріністері байқала бастаған күрделі мәселелердің ушығуы мүмкін.

Тәуелсіздіктің алғашқы лебі сезіле бастаған 1991 жылдың 6 желтоқсанында Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің шешімімен Қазақ ССР-індегі қазақ тілі мен басқа да ұлттық тілдерді дамытудың 2000-шы жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Республикалық үйлестіру комитеті туралы ереже бекітілді. Республикадағы қазақ және басқа ұлттық тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін Үйлестіру комитеті мемлекеттік және басқа тілдерді қолданудың конституциялық нормалары мен принциптерінің сақталуына, «Қазақ ССР-індегі Тілдер туралы» Заң талаптарының орындалуына, негізгі және басқа этностардың тілдерінің республикада қолданылу аясын кеңейтуге қажет шаралар жасау мен қалыптастыру; осы бағыттағы жергілікті басқару органдарының, министрліктер мен ведомстволардың жұмыстарын үйлестіруде, ұлттық-мәдени орталықтар мен республикалық «Қазақ тілі» қоғамымен біріге отырып, бақылау жасауға тиіс болды. Өйткені, Қазақстанда іс жүзінде тілдердің сан алуандығы орын алып

отыр: республикада жүзден аса тілдер қолданылуда. Мұндай жағдайда бұл тілдердің әрқайсысын дамытуды айтпағанда, сақтап қалудың өзі қиын мәселе.

Этникалық қатынастарды реттеудегі келесі бір маңызды қадам 1992 жылдың 1 қарашасында сол кездегі Еңбек министрлігі жанынан құрылған Көші-қон жөніндегі департаменті тарапынан болды. Бұл орган Қазақстан Республикасының «Көшіп келу туралы» Заңын негізге ала отырып, негізгі қызметі республика территориясында байырғы этнос өкілдерінің ерікті көшіп-қонуы мәселелерімен айналысты. Және де бұл органның басты ерекшелігі – тарихи отанына оралушы қазақ оралмандарды орналастыру және бір мезгілде басқа мемлекеттердің үкімет ұйымдарымен республикаға қазақтардың өз еркімен оралуы хақында келіссөздер жасады.

«Қазақ ССР-індегі Тілдер туралы» Заңды жүзеге асыруға байланысты Елбасы 1993 жылдың 5 сәуірінде республиканың Министрлер кабинеті жанынан Тілдер жөніндегі комитет құру туралы шешім қабылдады. Жаңа ведомствоның міндетіне аталған заңды жүзеге асыру шаралары, осы бағыттағы басқа ұйымдар мен министрліктердің қызметтерін үйлестіру, мемлекеттік тіл саясатын жасау, ономастикалық және терминологиялық жұмыстарды үйлестіру кірді. Өз қызметін толыққанды жүргізу мақсатында бұл комитетке үкімет құрамындағы жеке министрлік мәртебесі беріліп, «Ана тілі» баспасын бүкіл материалдық-техникалық базасымен өз қарамағына алды. Комитет өз қызметі барысында қазақ тілімен қатар басқа тілдердің де дамуы жолында елеулі істер атқара алды.

Біріңғай ұлт саясатын жүргізу және республикада қолданылып жүрген барлық тілдерге деген құқықтық кепілдік пен құрметтілікті қамтамасыз ету мақсатында 1995 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Тіл жөніндегі Комитет таратылып, оның базасында Министрлер Кабинеті жанынан Қазақстан Республикасының ұлт саясаты жөніндегі Мемлекеттік Комитеті құрылды (Мемұлтком).

1995 жылғы 19 қазандағы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» Президент Жарлығымен бұл Комитет республика Үкіметінің құрамына кіріп, ұлт саясатының негізгі бағыттарын бейнелейтін, оның құқықтық, ұйымдастыру жұмыстарын қамтамасыз етіп, бақылайтын, еліміздегі қолданылатын барлық тілдерге құрметпен қарауды және республикада

ұлтаралық қарым-қатынастың тұрақты болуын қамтамасыз ететін, әлемдік қоғамдастыққа сенімді түрде ену жолдарын айқындайтын мемлекеттік басқару органы болып белгіленді.

Ұлт саясатын басқарудың мемлекеттік органы ретінде бұл жаңа құрылым бұрыннан келе жатқан, осы бағыттағы маңызды қызмет атқарушы құрылымдарды шоғырландырды. 1995 жылғы 14 қыркүйектегі Ұлт саясаты жөніндегі Комитет туралы Ережеге сай, бұл орган этникааралық және тіл саясатының тұжырымдамаларын жасаумен қатар, осы бағыттағы заңдарды жетілдіруге, мемлекеттік тілдің қолданылу ауқымын кеңейтуге жағдайлар жасап, оны қайта түлету мен мемлекеттегі мәртебесін көтеру, республикадағы этностардың мәдениеті мен дәстүрлерін дамыту мен оған жағдай жасау, миграциялық ахуалдарды реттеу, республикадағы шет тілдерді үйрену мен қолдану аясын кеңейту сияқты қызметтер атқарды.

1995 жылғы 30 тамызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қабылдануы республикадағы этникааралық қатынастың дамуындағы жаңа кезеңге айналып отыр. Сондай-ақ 1997 жылғы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы жарияланып, тіл саясатында жаңа демократиялық серпіліс жүзеге асты. Алайда онда мемлекеттік тілдің – қазақ тілінің орнығуы заңдастырылғанымен, оның іс жүзіндегі дамуы көңіл көншітпейді. Аталған Заңның 5-ші бабындағы «...мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті басқару органдарында орыс тілін ресми түрде қазақ тілімен тең дәрежеде қолдануға болады» – деген тұжырымымен қаруланған қарапайым халық пен лауазымды қызмет иелері екі түрлі тілде сөйлесуде [3].

Қазақстанда халықтың басым көпшілігі ағылшын, француз, неміс, қытай, араб, испан т.б. тілдерді жетік білмеуі салдарынан әлемдік әдебиет пен ақпараттық кеңістікке орыс тілі арқылы ғана қамтылуға мәжбүр. Және де, республикадағы басқа да ұлт өкілдерінің қазақшасы мардымсыз екендігін ескерсек, олармен амалсыздан орысша тіл табысуымызға тура келеді. Осындай жағдайлардың әсерінен Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңында жоғарыда көрсетілген 5-ші бабы туындап отыр. Сондықтан да көш жүре түзеледі деп үміттенгенімізбен, қазақ тіліне әлі де болса, біраз уақытқа дейін орыс тілі серіктесетін түрі бар. Ал бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының

Тіл туралы Заңы демократиялы-прагматикалық сипатта екендігін көрсетеді.

1997-2000 жылдары 1997 жылғы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына және Тілдерді қолдану мен дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бекітілуіне орай қоғам өмірінің негізгі салаларында тіл құрылысының құқықтық негізі қалыптасты. Бұл кезде заңдық тетіктерді жетілдіруге, нормативтік құжаттарды реттеуге баса көңіл бөлінді.

Әр бағдарламаның белгілі бір кезеңге арналған көздеген мақсаттары мен алға қойылған міндеттері болады. Осы тұрғыдан алғанда келесі кезекті 2001-2010 жылдары Тілдерді қолдану мен дамытудың он жылға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында тіл құрылысы стратегиясының мынадай үш бағыты айқындалды: мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту, орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау, Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту. Сондай-ақ осы кезеңде Мемлекет басшысының бастамасы бойынша «Тілдің үш тұғырлылығы» ұлттық мәдени жобасын іске асыру жұмысы басталды. Бағдарламаны іске асыру қорытындылары Қазақстан Республикасындағы тіл құрылысының келешекпен сабақтас негізін қалады. Осы жағынан алған кезде аталған бағдарлама өз мақсаттары мен міндеттерін орындады.

Қоғамдық құрылымның сипатына қарай тіл саясатын демократиялық және антидемократиялық, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған деп бөлінеді. Демократиялық бағыттағы саясат ұстанған ел әр этностың ана тілін дамытуына қолайлы жағдай туғызады. Ал кертартпа саясатқа бой алдырған елде айналдырған бір-екі тілдің ғана дамуына мүмкіншілік жасалып, қалғандары іс жүзінде шектеліп, шағын этностардың ана тілінің жойылуына әкеліп соғады. Рухани жаңғыруға нұқсан келтіретін ұлтаралық кикілжіңдердің туындауына әсерін тигізетін басты факторлардың бірі де сол.

Кезінде посттоталитарлы қоғамдарда ұлттық сана-сезімнің оянып өсуіне байланысты ұлттық тілдер мен орыс тілінің әр егеменді республикадағы орны жайлы өзекті мәселе де туындады. Осыдан он жыл бұрын

жүргізілген әлеуметтік зерттеулерден мынадай көрсеткіштерді байқаймыз:

- қазақ тілінде сөйлейтін қазақтар – 86,3 %;
- қазақша оқып, жаза алатын қазақтар – 89,1 %;
- қазақ тілін білетін басқа ұлт өкілдерінің үлес салмағы тіпті аз, ал керісінше, орыс тілінде сөйлейтін халықтың үлес салмағы – 96,2 % [4].

Бұл зерттеулерден Қазақстандағы екі үлкен ұлт – орыстар мен қазақтар үшін тілі мен мәдениетін, ұлттық ерекшелігін жоғалту қаупі жоқ екенін көргенімізбен, еліміздегі шағын этностардың бұл тұрғыдағы жай күйін бағдарлай алмаймыз. Мұндай мәселенің жай-күйін зерттеуші Б. Хасанұлы республикадағы этнос тілдерін сөйлеушісінің саны мен атқарып келе жатқан қоғамдық қызметінің көлеміне қарай шартты түрде үш топқа бөлді:

- а) қоғамдық қызметінің ауқымы кең тілдер;
- ә) қоғамдық қызметінің ауқымы тар тілдер;
- б) қоғамдық қызметі нашар дамыған тілдер [5].

Алғашқы топқа: қазақ, орыс тілдері; ортаңғы топқа: ұйғыр, дүнген, корей, өзбек, тәжік, украин т.б. тілдер; соңғы топқа: сөйлеушісі саусақпен санарлық, жанұя көлемінде қолданылатын рутул, цахур, долган, манси, эвен, караим, удин сияқты тілдер жатады.

Тілдерді дамыту – дүниежүзілік гуманитарлы мәселелердің де бел ортасындағы жалпыадамзаттық міндет. 1948 жылдың 10-шы желтоқсанында БҰҰ қабылдаған жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясының 1-ші бабы, 3-ші тармағы бойынша мемлекеттер адам құқығы мен олардың негізгі бостандығын нәсіл, жыныс, тіл және дін өзгешеліктеріне қарамастан құрметтеуге, дамыту мен қолдауға міндетті. Мұндай қағида Ата Заңымыздан да көрініс тапқан. Ал Тіл туралы Заңға сәйкес азаматтарға мемлекет тарапынан өз ана тілін немесе басқа тілдерді таңдауына ерік берілген.

Сондай-ақ, Қазақстандағы халықтардың өз тілдерін зерттеуге және дамытуға ықпал жасалып отыр. Республикамыз көпұлтты мемлекет екенін ескерсек, әр тіл өзінің сөйлеушісіне қымбат және әр тілдің әлеуметтік-коммуникативтік жүйеде алатын орны да ерекше. Бірақ көпұлтты қоғамда қатынас ретінде олар тең құқықты бола алмайды, және тілдердің қоғамдық қызметін теңестірудің, теңестіремін деп арамтер болудың қисынсыз екенін де ұмытпағанымыз жөн. Оның есесіне

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында.

Жалпы, Қазақстанның Тіл туралы Заңын тіл саясатын демократияландырудағы жасалған басты қадам деп айтуымызға болады. Оның тек саны көп немесе жергілікті ұлт үшін ғана емес, республикамызды мекендейтін барлық этникалық топтар мен ұлыстардың өмірінде саяси-экономикалық, мәдени және әлеуметтік мәні жоғары. Мұның маңыздылығы, ең алдымен, тіл мәселесінің демократия тұрғысынан шешіліп, тіл құқығын қалыптастыру болса, екіншіден, көпұлтты қоғамдағы әрбір ұлттың және олардың мәдениетінің сақталып, өркендеуіне, сондай-ақ ұлт тілдерінің белсенділігін арттырып, қолданыс табуында.

Бұл тұрғыда аталған заң барлық тілдердің бірдей дамып, қызмет етіп, қолданыс табуын жүктейді: «Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негізін, мемлекетті оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді», – делінген алғы сөзде [3].

Елбасы биылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жаңа Жолдауында: «Қазақ тілі, біздің мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 процентке дейін жететін болады. Еліміздегі барлық мектептер мен оқу орындарында қазақ тілінде оқыту үрдісі жүріп жатыр. Осының бәріне депутаттар мен мемлекеттік қызметтегілер өз үлестерін қосулары керек. Мәселені осылай шешу қажет» деп көрсетті [6].

Осыған орай Қазақстанда Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның жобасы қоғамдық талқылаудан қызу өтті. Жалпы, жаңа мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты мемлекеттік тілді барлығына бірдей батыл қолданысқа енгізу. Осынау стратегиялық мақсатты жүзеге асыру негізгі төрт міндеттен тұрады. Біріншісі – мемлекеттік тіл ұлт бірлігінің басты факторы екендігін нығайту, екіншісі – мемлекеттік тілді кеңінен қолдауды көпшілікке тарату, үшіншісі – дамыған тіл мәдениеті зиялы ұлттың басты күшқуаты екенін көрсету, сондай-ақ соңғы мақсат

– Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту.

Түйіндеп айтар болсақ, қазіргі жағдайдағы мәселе Қазақстан Республикасының мүдделерін тек бір ғана қазақ ұлтының мүддесімен ғана ортақтастыруға болмайтындығында болып отыр. Республиканың көпұлтты құрамы мен ұлттық-мәдени ошақтарының көптүрлілігі қоғамдық келісімге қол жеткізуді, ұлттық азшылықтардың тең құқықтылығын қамтамасыз етуді, билікке теңдей қатысуға мүмкіндік туғызуды талап етіп отыр. Ұлттың даналығы да, саясаттың икемділігі мен халықтың күштілігі де сонда, өз бауырлары тұрмақ, басқалардың өзін жақындатып, мемлекеттің тайқазанында балқытып, ешкімді бөтенсітпей, сіңіріп алуында.

Бұл тұрғыда республика халқының басым бөлігін құраушы қазақ этносы қазақы мәдениет пен рухани құндылықтар жүйесі әзірге елді жалпылама қамтушы әрі абсолютті келісімпаздық сипатта бола алмайтындығын сезініп, мойындайды. Қазақ этносы – елдің саяси тұтастығы мен бірлігінің өзегі, алайда тұтастық пен бірлік мүдделер мен пікірлердің анағұрлым кең ортақтағы арқылы ғана баянды болмақ. Адамзат дамуының тарихи тәжірибесінде сан мәрте дәлелденгендей, адам мен адамды, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті жақындастырушы күш – мақсат пен мүдденің ортақтығы, бірлігі.

Сол сияқты Қазақстан үшін де дамудың күшті қозғаушы күші әрбір басқан қадамды салмақтап, байсалдылықпен бағамдайтын жалпыхалықтық мақсат, жалпыұлттық мүдде болып табылады. Бұл бүгінгі Қазақстан үшін өзекті стратегиялық міндеттердің бірі және басқадай баламасы жоқ өткір қажеттілік екені айдан анық. Ол өз кезегінде елдің ынтымағының артып, күш-қуатының шарықтауына, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани, демократиялық дамуына қатысты жүргізетін саясатының тиімділігіне, саясат субъектілері болып табылатын, қоғамның түрлі қабаттары мен топтары арасында әлеуметтік серіктестік орнауына қажетті алғышарт болып табылады. Біз бұл тұрғыда Қазақстан өзінің қоғамдық-саяси тұрақтылығы мен келешекке деген нық сенімі арнасында мұндай рухани жаңғыруды жүзеге асыра алады және де соның нәтижесінде өркениетті мемлекет ретінде өз дамуының шарықтау шегіне көтеріледі деген сенімдеміз.

Сонымен, әлеуметтік жаңғыру жағдайында тіл саясаты маңыздылығын жоғалтпайды дей келе, төмендегідей қорытындылар жасауымызға болады.

Біріншіден, жаһанданудың қанат жаюы барысында Қазақстан Республикасының азаматтары мәдени және ұлттық бірегейлігін жоғалтып алмауы қажет. Ол халықтың рухани құндылықтарды бойына сіңірген нақты дүниелеріне қолы жеткенде, жинақталған мәдени тәжірибені белсенді түрде пайдалана алған кезінде толыққанды бола алады.

Екіншіден, қазақ ұлты мемлекет құрушы ұлт ретінде өз мемлекетіміздің басты субъектісі болғандықтан, әрбір адамның ішкі дамуына қамқор болуымыз керек. Сонымен бірге дәл осы мәдени мұраны сақтау елімізде тұратын барлық этностардың өзіндік санасын бекітудің маңызды элементі болып табылады, олардың этносаралық, мәдениетаралық және дінаралық толық өзара әрекетінің негізі болып табылады. Ал бұл, өз кезегінде, Қазақстандағы ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздіктің аманаты болып саналады.

Қазақстанның рухани жаңғыруы демократиялық, еркін, тәуелсіз қоғамда өмір сүре отырып, ұлттық мәдени дәстүрлер арқылы әлемдік мәдени құндылықтарға жалғастыруды көздейді. Нақты іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған рухани жаңғыру сонымен бірге қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуді басты назарда ұстауы тиіс. Сол арқылы дәстүрлі ұлттық мәдени құндылықтарға сүйене отырып, үйлесімді дамуға қол жеткізе аламыз және мәдениетаралық үнқатысуға, өзін танытып, өзгелерді тануға мүмкіндік аламыз.

Әдебиеттер

- 1 Никольский Л.Б. Язык в политике и идеологии стран Зарубежного Востока. – М., 1986. – С. 17; Гак В.Г. Межязыковые отношения и языковая политика. – Киев, 1988. – С. 26; Хасанұлы Б. Ана тілі. – Алматы: Атамұра, 1989. – 47-51 бб.; Пашина Э. Языковая политика: гибкость, сбалансированность, постепенность // Казахстанская правда. – 2 ноября 1999 г. – С. 3. және т.б.
- 2 Шабаев Ю.П., Садохин А.П. Этнополитология. – М., 2005. – 319 с.
- 3 Закон Республики Казахстан О языках в Республике Казахстан // Казахстанская правда. – 1997 г. 15 июля. – С. 2.

4 Аренов М.М., Калмыков С. Языковая ситуация в Республике Казахстан // Саясат. – 2001. – № 1. – С. 22-29.

5 Хасанұлы Б. Ана тілі. – Алматы: Ата мұра, 1989. – 17 б.

6 Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012 ж. 28 қаңтар. – 1-2 б.

А.А. Камалдинова, Ф.С. Мусатаева

Роль языковой политики в социальном развитии Казахстана

В данной статье рассматриваются некоторые проблемы языковой политики в Казахстане и роль языковых отношений в социальном развитии общества. Концептуальное сближение вопросов языковой политики и социального развития предполагает стратегический взгляд на роль и значение языковой политики в процессах развития того или иного национального сообщества. Влияние языковой политики на социальное развитие определяется тем, в какой мере она способствует снижению или повышению уровня интеллектуального и волевого потенциала населения в сравнении с другими странами; в какой мере она разрушает или укрепляет культурный иммунитет граждан, делая их восприимчивыми или невосприимчивыми к информационно-психологическому воздействию и т.д.

Ключевые слова: социальное развитие, языковая политика, Казахстан, послание.

A.A. Kamaldinova, F.S. Musatayeva

The role of language policy in social developing of Kazakhstan

This article discusses some of the problems of language policy in Kazakhstan and the role of language relations in social development. Conceptual convergence of language policy and social development requires a strategic view of the role and importance of language policy in development of a national community. Impact of language policy on social development is determined by the extent to which it contributes to lower or raise the level of intellectual and volitional capacity of the population in comparison with other countries, the extent to which it destroys the immune system and enhances cultural citizens, making them susceptible or immune to the information-psychological effects, etc.

Keywords: social developing, language policy, Kazakhstan, message.

ӘОЖ 327.37(574)

Ж.А. Басығариева*, Е.Ө. Садибеков

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: bassygarieva@mail.ru

Ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Қазақстанның рөлі

Аңдатпа. «Ядролық дәуір» – үрей мен қауіп-қатерге толы, қиратушы күшті білдіретін түсінік. Бұл – адамзат тарихында 1945 жылдың тамыз айынан, Хиросима және Нагасакидан бастау алған кезең.

Ядролық қаруды құру және қолданудың жартығасырлық тарихы бүкіл жер шарындағы барлық тіршілік иелеріне өлім әкелетіндігін көрсетіп, ядролық соғыстан аман қалудың мүмкін еместігін дәлелдеді. Қырғи-қабақ соғыстың аяқталғанына қарамастан ядролық қауіп төмендер емес. Ядролық қарудың көбеюі оны қолдануға немесе әскери-саяси есептердің күшіне немесе техникалық «олқылықтардың» нәтижесіне айналу қаупін күшейтеді.

Қарулану жарысы ғаламдық қауіпсіздікке төнер қауіпті одан бетер ұлғайта түседі, себебі бұл басқа мемлекеттер тарапынан бақылауға алына алмайтын қарулар түрін жасауға әкеледі. Яғни бұл проблема халықа алық келісімдер негізінде тыйым салуға немесе шектеуге де қиыншылық тудыруы мүмкін. Осыны түсіне отырып қарулану жарысын болдырмауға барлық мемлекет, тіпті бүкіл адамзат ұмтылуы керек.

Қазіргі жағдайдағы ядролық қарусыздану және таратпау мәселелерінің өзектілігі адамзаттың тұрақты дамуына төнетін қауіп-қатермен байланысты. ХХІ ғасырдағы оқиғалар ағыны қауіпсіздік, соның ішінде ядролық қауіпсіздік механизмдеріне жаңаша тұстан қарауды қажет етеді.

Осы кезекте ядролық қаруды таратпау шараларына белсенді атсалысып, ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасының елеулі үлесі әлемдік қауымдастыққа үлгі. Өйткені Қазақстан Республикасы бейбіт болашақ пен халықаралық қауіпсіздік жолына шынайы қадамдар жасап, ядролық қарусыз әлемді құру жолын таңдады.

Түйін сөздер: ядролық қару, қауіп-қатер, атом энергиясы, қауіпсіздік, саммит.

ХХ ғасырды әлемдік саясат пен экономикадағы орасан зор ұлы өзгерістер дәуірі деп әділетті түрде атайды, шынында бір жағынан – екі дүниежүзілік соғыс пен ғаламдық жойқын төңкерістер, екінші жағынан – материалдық прогресс, өркениеттің мәдениет пен өнердегі, ғылым мен техникадағы көрнекті жетістіктер осы ғасырдың еншісінде. Сондықтан да өткен дәуірдің бағасы бір мәнді емес, қарама-қайшылыққа толы көпқырлы сипатқа толы.

Осындай қарама-қайшылықтың жарқын көрінісі – екі жүйенің, капиталистік және социалистік жүйелердің жарты ғасырға жуық уақытқа созылған текетіресі болды, осы уақытта екі ірі державаның – АҚШ пен Кеңестер Одағы арасындағы «қырғи-қабақ соғыс» өрістей түсті. Бір мезгілде ғаламдық ядролық кезең Жер шары халқын бірнеше мәрте жойып жіберуге қабілетті, өлім себетін қарудың қисапсыз көп көлемде жинақталуына әкелді.

КСРО-ның ыдырауымен ядролық текетірес

келмеске кетті. Алайда жерде жасырын ядролық бағдарламаларды жүзеге асыруды қосқанда дәстүрлі тарату тәуекелдерімен бірге, бірқатар жаңа қауіптер мен қатерлердің бой көрсеткендігі, олардың арасында аса алаңдатарлықтары ядролық қару мен оны жеткізу құралдарына қатысты материалдардың, технологиялар мен жабдықтардың заңсыз айналымға түсуі, сондай-ақ осы қаруды қолданып лаңкестік актілер жасау мүмкіндігі, сонымен қатар ядролық апаттарды ескеретін болсақ, ядролық қауіптің төмендемегенін байқауға болады.

Ірі ядролық держава КСРО-ның орнында жаппай қырып-жою қарулары бар төрт дербес мемлекет – Ресей, Қазақстан, Украина және Беларусь пайда болды. Қазақстан әлеуеті жөнінде әлемдегі төртінші ядролық арсеналдың иесі болып қалды, ал ел аумағында уранды өндіру, өңдеу және түрлі ядролық қондырғылар үшін отын дайындау кәсіпорындары, эксперименттік және өндірістік ядролық реакторлар, биологиялық қаруды өндіру

мен сынақтан өткізудің инфрақұрылымдық нысандары және химиялық кешеннің бұрынғы әскери кәсіпорындары сақталған еді. Мұндай жағдай ел басшылығынан қысқа мерзімде ядролық саладағы мемлекеттік саясатты талдап жасауды талап етті. Бұл мәселенің өткірлігі адамзаттың тұрақты дамуына төнетін қауіп-қатермен байланысты.

Сол тарихи сәтте Ұлт Көшбасшысы ядролық қаруы бар мемлекеттің күмәнді мәртебесіне қарамай, кенестік ядролық әлеует пен жаппай қырып-жою қаруының инфрақұрылымынан бас тарту жөнінде стратегиялық таңдауын жасады. «Ядролық клубқа» мүше болудан қағидатты түрде және үзілді-кесілді бас тартып, Қазақстанның ядролық қаруды таратпау туралы ұстанымын ашық түрде жария етті.

Ядролық қарудан бас тарту туралы шешімді қабылдаған сәттен бастап Қазақстан халықаралық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі әлемдік қоғамдастықтың күш-жігеріне белсенді түрде қосылды, яғни халықаралық ядролық қаруды таратпау режиміне атсалысты. Ядролық қаруды таратпау режимі – мақсаты ядролық қаруы жоқ мемлекеттердің ядролық мәртебені иеленулеріне жол бермеу болып табылатын, ядролық қаруы бар мемлекеттер де, ядролық қаруы жоқ мемлекеттер де қатысатын халықаралық келісімдер мен ұйымдардың, сонымен қатар қатысушы мемлекеттердің ішкі заңнамаларының жиынтығы [1].

Қазақстан Республикасының ядролық қаруды таратпау туралы болашақтағы саясатының негізі болған бірінші қадамы Президент Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық полигонының жабылуы болды. Бұл қадам бүкіл адамзат үшін айрықша маңызды болды. Бүгінгі күні, арада уақыт өте келе, дәл осы күн Қазақстанның бастамасымен Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні» болып жарияланды [2]. Осы жылы ядролық қауіпсіздік саласындағы «Қауіпті біріге қысқарту» бағдарламасына қосыла отырып, таратпау режимінің маңызды шараларын жүзеге асыра бастады.

1992 жылдың мамырында Қазақстан Таратпау туралы келісімге ядролық қаруы жоқ ел ретінде қосылу жөнінде міндеттеме алды, ал 1993 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі ол келісімді

ратификациялады. АҚШ-пен келісім аясында Қазақстанда ядролық, биологиялық және химиялық қарудың инфрақұрылымдары мен нысандарын жою, сондай-ақ бұрынғы әскери өндірістерді азаматтық мақсаттарға конверсиялау жөніндегі жобалар жүзеге асырылды.

1993 жылы 13 желтоқсанда Қазақстан Үкіметі мен Атом қуаты жөніндегі Халықаралық агенттік (МАГАТЭ) арасында кепілдіктер туралы келісімге қол қойылды. Келісім Президент Жарлығымен бекітілгеннен кейін 1995 жылы күшіне енді. Сол жылы 30 мамырда ядролық қарудың орын ауыстыруына қатысты ережені іске асыра отырып, Семей полигонының жер астында жатқан сынақ мақсатындағы соңғы ядролық заряд жойылды. 1996 жылдың 21 сәуірінде Қазақстан Республикасының аумағынан 1216 ядролық қару бірлігін алып кетуге қатысты жылдан астам уақытқа созылған процесс аяқталды. Қазақстан жері өлім себетін ядролық мұрадан мәңгілікке құтылды [3].

Тәжірибе көрсетіп отырғандай әскери әлеуетті еселеу қазір мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етпейді, керісінше тұрақсыздық факторы болады.

Ядролық таратпау режимін оның тиімділігін сақтау үшін уақыт талабына сәйкес бейімдеу қажеттігін мойындай отыра, Қазақстан Республикасы қарусыздану мен қару-жараққа бақылау қоюдың жаһандық үдерісінің сенімді жақтаушысы және белсенді қатысушысы болып келеді. Ядролық қарусыздану бастамасын нығайтуда Қазақстан Ядролық жеткізушілер тобымен, Краков бастамашылығымен, Цангер комитетімен, Ядролық лаңкестікпен күрес жөніндегі Жаһандық бастамамен және т.б. табысты ынтымақтастық жасайды.

Ядролық қарусыз болашақ үшін жасалған стратегиялық таңдау қауіпсіздік саясатының Қазақстан үшін басымдығын көрсетеді. Оның негізінде халықаралық қауіпсіздікті бекіте түсу, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту, жаһандық проблемалар мен шиеленістерді реттеуде халықаралық ұйымдардың рөлін арттыру, тұрақты дамудың принциптері мен бастамаларын жүзеге асыру деген берік ұстанымдарды ерекше атап өтуге болады.

Ядролық қаруды таратпау саласындағы жаһандық процестерге Қазақстанның қатысуы ұлттық заңнаманы жетілдіруден де өзінің көрінісін тапты. Бұған мысал 1996 жылы «Экспорттық

бақылау туралы» Заңның қабылдануы. Осы актіні халықаралық сарапшылар жаппай қырып-жою қаруын таратуды болдырмау жөніндегі ортақ күш-жігерге Қазақстанның қосқан елеулі үлесі ретінде жоғары бағалады. 2000 жылы экспорттық бақылауға жататын өнімдердің бақылауға алынатын тізімі және 1996 жылғы «Экспорттық бақылау туралы» Заңға қосымша бекітілді. Бұл жағдай жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау саласында қазіргі бар және болашақта болатын жаһандық ауқымдағы құжаттарды тиімді орындау режимін одан әрі нығайту үшін айрықша маңызды болып табылады.

Соңғы жылдары әлемдік әрекеттестік саласы кеңейе түсті, оның ішінде халықаралық қауіпсіздіктің әскери емес немесе азаматтық саласы, экономикалық, энергетикалық, экологиялық, мәдени, тіпті гендерлік қауіпсіздік мәселелері де қарастырылады. Алайда әскери-саяси қауіпсіздік саласындағы оқиғалар қоғам мен БАҚ назарында аса орын алып тұр, себебі бұл адамдардың өмірі мен өлімі, территориялық тұтастық, мемлекеттің тәуелсіздігі мәселесімен тікелей байланысты.

Бүгінгі таңдағы бүкіләлемдік қарусыздану үдерісінде орын алып отырған тоқырауды есепке ала келе, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев бірқатар қағидатты жаңа бастамалармен шықты. Олар мыналар: Жалпыға ортақ ядросыз әлем декларациясын қабылдау, Ядролық державалардың ядролық қаруды қолдану және қолдану қатерінен бас тарту туралы конвенция, Ядролық қаруды жалпыға ортақ тікелей және көлденең таратпау туралы шартқа қол қою, Қазақстанда МАГАТЭ-нің қолдауымен ядролық отынның халықаралық банкі орналастыру.

2011 жылдың 12-13 қазанында Алматы мен Семейде Семей ядролық полигонының жабылуының 20 жылдығына арналған «Ядролық қарусыз әлем үшін» форумы өткізіліп, нәтижесінде Қазақстанның жаңа ұсынысы халықаралық деңгейде кең қолдау тапты.

Форумда қабылданған ядросыз әлемнің Астана декларациясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «маңызы жөнінен тарихи шешім қабылдап, Қазақстан Республикасының қуаты жөнінен әлемдегі төртінші ядролық арсеналынан өз еркімен бас тартуы және 20 жыл бұрын әлемдегі аса ірі ядролық сынақ полигондарының бірін жабуы «ядролық

қарусызданудың жаһандық үдерісіне зор үлес болып қосылғанын мойындады».

2012 жылы 27 наурызда Оңтүстік Корея астанасы Сеулде ядролық қауіпсіздік жөніндегі екінші жаһандық саммиті өткізіліп, онда негізінен ядролық қауіпсіздікті нығайту, ядролық терроризм қатеріне қарсы күрес пен ядролық материалдардың заңсыз айналымына қарсы тұру, бейбіт мақсаттағы ядролық энергияны қауіпсіз және сенімді пайдалану бойынша мәселелер белсенді талқыланды. Саммитте Президент Н. Назарбаев «Ядролық энергетика абсолютті кепілденген қауіпсіздік және үш маңызды принцип негізінде дамуы керек» дей отырып, ядролық қауіпсіздік саласында қағидатты жаңа бастамалар ұсынды. Бірінші принцип – әмбебаптылық. Елбасы бұл принцип бойынша бейбіт атом энергетикасы саласында жинақталған халықаралық тәжірибені жалпыландыру қажеттігін атап өте келіп, ядролық қауіпсіздіктің заңды тұрғыдан міндетті стандарттарын қабылдауға шақырды. Екіншісі – ашықтық пен жеделдік. Ұлт Көшбасшысы ядролық нысандардағы кез келген оқыс оқиғалардың салдарын жою барысында ашықтық пен жеделдіктің маңызды рөлін мойындай келіп, төтенше жағдайларға шұғыл қайырылудың нақты тетіктерін жасауды ұсынды. Үшіншісі – теңдік пен сенім. Нұрсұлтан Әбішұлы барлық мемлекеттерге атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануға тең құқық берілуі қажеттігін тағы да мәлімдеді. Қазақстан уранды байыту бойынша халықаралық орталықтар желісін дамытуды белсенді қолдай отырып, осы ажырағысыз құқықтың жүзеге асырылуына ықпал етуге дайын. Қазақстан ядролық қаруды иеленуден бас тартқан мемлекеттерді ынталандыру ретінде ядролық державаларды БҰҰ бекіткен қауіпсіздік кепілдігін ұсынуға шақырды [4].

Ядролық қарусыз әлем – ол адамзат ұмтылуға тиіс ортақ мақсат. Осы бағыттағы Қазақстанның ерекше қадамы 2012 жылдың 27-29 тамызында Астана қаласында өткен «Ядролық сынақтарға тыйым салудан – ядролық қарусыз әлемге» атты конференция болды. Бұл конференция ядролық қауіпсіздікті нығайту мақсатында әлем мемлекеттерін біріктіріп, ортақ мақсатта қызмет атқаруға шақырған елеулі сәтке айналды. Президент Н.Ә. Назарбаев конференцияны 90 жылдағы ядролық қарудан алғаш рет бас тарту тарихына шолу жасау арқылы ашты. Сөз

ортасында Нұрсұлтан Назарбаев бүгінгі таңдағы көптеген ядролық қаруды таратпау саласындағы бағдарламаларға қарамастан әлемдегі қарусыздану процесінің тоқтамағандығы туралы, сонымен қатар ядролық энергетика саласындағы ұлттық бағдарламалардың дамуына жаһандық бақылау мәселесі шешілмей отырғандығын ескере отырып, проблеманың тереңде жатқандығын айтты. Конференция барысында Президент Әлемнің әрбір тұрғынына қатысы бар бірнеше жаңа жаһандық бастама ұсынды. Солардың бірі – халықаралық «АТОМ» («Abolish Testing. Our Mission») – «Сынақтарды Жою – Біздің Миссиямыз» дегенді білдіреді) жобасы. Жоба шеңберінде жер бетіндегі ядролық қаруға қарсы кез келген адам әлем үкіметтерін ядролық сынақтардан біржола бас тартуға шақырған онлайн-петицияға қол қойып, Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісімшарттың тезірек күшіне енуіне қол жеткізе алады. «Мен конференцияға қатысушыларды және барлық ізгі ниетті адамдарды «АТОМ» жобасын қолдауға және ядролық қарусыз әлем құруды біздің ең маңызды мақсатымызға айналдыруға шақырамын», – деді Президент. Сонымен қатар конференция қатысушыларына жаһандық антиядролық парламенттік Ассамблея құруды ұсынды. Бұл тарапта Ассамблея ғаламдағы барлық ұлттар мен барлық адамдардың бірігуі мүмкіндігін тудыра отырып, «Адамзат Жер шарында өмір сүре ме, әлде оны атом соғысы жалыны құша ма деген сұраққа» жауап іздеуі керек [5].

Қазақстан өзінің антиядролық тәжірибесімен ядролық қарусыздану және таратпау мәселелеріндегі ашықтық күшін бүкіл әлемге жариялады.

Осылайша, қорытындылай келе, Президент Н.Ә. Назарбаевтың көрегендігінің арқасында Қазақстан Республикасы ядролық қарудан бас тартып, ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде белсенділік танытқандығы үлкен құндылыққа ие.

«Қауіпті біріге қысқарту» бағдарламасының негізін қалаушылардың бірі Ричард Лугар: «Қазақстанның дана да батыл таңдауы Үндістан, Пәкістан, Солтүстік Корея және Иранда байқалып отырған жағдайлармен қарама-қайшы болып табылады. Сонымен қатар, ядролық қару қауіпін таратпау шараларын іздеу үстінде жүрген халықаралық қауымдастықтарға осы республиканың тәжірибесіне назар аударғандығы жеткілікті», – деді.

Сэм Нанн, «Қауіпті біріге қысқарту»

бағдарламасының екінші өңдеушісі: «Президент Назарбаев – ядролық таратпаудың сөзбен емес, іспен жасайтын нағыз қолдаушысы. Елді ядролық қаруды иеленуден арылтып, Қазақстан басшысы бүкіл дүниежүзіне мемлекетті және оның беделін ядролық қарумен емес, одан бас тарту арқылы көтеруге болатындығын көрсетті», – деді.

Биылғы жылдың 27-29 тамызында Астана қаласында өткен «Ядролық сынақтарға тыйым салудан – ядролық қарусыз әлемге» атты конференцияға қатысқан Ресей Федерациясының Федерация Кеңесі спикері В.Матвиенко: «1991 жылы Семей полигонын жабу туралы шешім Н.Ә.Назарбаевпен қабылданды. Осы конференция шеңберінде бұл тақырып өте өзекті болып келеді. Қазақстан мемлекеттік те, халықаралық та деңгейде қарусыздандырудың концептуалды проблемасын шешуге үлкен үлесін қосты», – деп айрықша атап өтті [6].

Осылайша, барлық дүниежүзілік қауымдастық Қазақстанның ядролық қауіпсіздік саласындағы таратпау режиміне қосқан үлесін мойындады. Ал бұл, өз кезегінде, ядролық қарусыз және қауіпсіз әлем құруды қолдайтын, осы игілікті мақсатқа қол жеткізу үшін нақты іс-әрекет жасап жүрген Қазақстанның беделін бекем ету үстінде.

Ядролық таратпау режимін нығайта отырып, ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттегі қолайлы саяси ортаны қалыптастыру үшін аса маңызды екендігін ескере келе, бейбітсүйгіш Қазақстан Республикасының рөлін жоғары деп атауға болады.

Әдебиеттер

1 Современные глобальные проблемы мировой политики / под. ред. М.М. Лебедевой. – М., 2009. – 127 б.

2 Назарбаев Н.Ә. Алып ауқымды әлем және ядролық қауіпсіздік // www.inform.kz/kaz/article/2254366

3 Тоқаев Қ.К. ҚР Дипломатиясы. – Алматы, 2002. – 354 б.

4 Токтарәлі Т. Сеул саммиті // <http://dmk.kz/zhanalyiktar/seul-sammiti.html>

5 Назарбаев Н.А. Безъядерный мир – наша общая цель // Известия. – 30.08.2012. – №162. – С. 3.

6. Матвиенко В. Безъядерный мир – глобальная миссия Казахстана // Казахстанская правда. – 31.08.12. – С. 5.

Ж.А. Басығариева, Е.Ө. Садибеков
Роль Казахстана в обеспечении ядерной безопасности

В данной статье представлены исторические этапы проблемы вооружения в системе международных отношений, выявлена роль Республики Казахстан в урегулировании данной проблемы. Особое внимание уделяется инициативам Президента Н.А. Назарбаева по обеспечению ядерной безопасности в системе международной безопасности.

Ключевые слова: ядерное оружие, опасность, атомная энергия, безопасность, саммит.

Zh.A. Basygarieva, E.O. Sadibekov
The role of Kazakhstan in provide nuclear security

In this article are given historical phases of issues of armament in the system of international relations. The role of Republic of Kazakhstan in settling this problem is given also. Deep attention is given to the initiatives of the President of Republic of Kazakhstan to provide nuclear security in the system of international relations.

Keywords: nuclear weapon, threat, nuclear energy, security, summit.

ӘОЖ 323.1

Мұхтар Сеңгірбай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: mukhtar.zh@gmail.com

Этностық конфликтілерді реттеу ұғымына негізгі көзқарастар

Аңдатпа. Отандық және шетелдік саяси, әлеуметтік конфликтологияда конфликтіні реттеудің жалпыға ортақ әмбебап әдістемесі жасалмаған. Ғалымдар арасында ұғымдарға, проблеманың тәсілдемесіне, оған қатысты қолданатын әдістерге қатысты ауызбірлік жоқ. Бұл этносаралық конфликтілерді шешудің тиімділігін төмендетеді.

Конфликтіге араласушы тараптардың оны шешуге қатысты ұстанымдары да әркелкі болуы мүмкін. Әр тарап конфликтіні өз тұрғысынан бағалағандықтан, өркениетті диалогтың болмауынан олардың арасындағы түсініспестік арта түседі. Конфликтология ғылымының мақсаты – кикілжіңнің әр кезеңіне, онда қолданылатын әрбір шараға айқын анықтама беріп, тиісті әдістің дер кезінде орындалуына жәрдемдесу.

Сондықтан осы мақалада конфликтіні реттеу барысындағы іс-шаралардың ұғымдарына талдау жасалып, анықтама беріледі. Бұл конфликт теориясымен айналысатын ғалымдардың және практик мамандардың құбылыстың мәнін жете түсініп, тиісті тактикалық және стратегиялық амалдарды қолдануына көмектеседі.

Түйін сөздер: конфликт, этносаралық конфликт, конфликті реттеу, әлемдік қайымдастық.

«Конфликтіні реттеу» ұғымын талдамас бұрын оның мағыналық шегі мен шет тілдердегі баламаларын айқындап алуымыз керек. Қазақ тіліндегі ғылыми терминологияның бір ізге түспеуі кесірінен ұғымдар мен түсініктерге түсіндірме беріп, олардың мағынасын айқындауда түрлі кедергілер туындап жатады.

«Конфликт» сөзін «қақтығыс», «кикілжің» деп аудару арқылы біз оның мағыналық аясын шектеп, ғылыми дәлдіктен алшақ кетіп жатырмыз. Ал конфликтіні ауыздықтауға қатысты саналуан манипуляциялық әрекеттердің ағылшын, орыс тілдерінде ондаған түрлі атаулары бар және олар конфликтінің кезеңдеріне, қолданылатын тәсілдемелер мен әдістерге, қойылған мақсатқа байланысты әркелкі болып келеді. Ескертетін жағдай, бұл ұғымдардың ешқайсысы қатып қалған қағида емес және түрлі әдебиеттерде синоним ретінде пайдаланыла беруі әбден мүмкін. Ағылшын тілінде конфликтіні реттеу және шешудің төңірегіндегі әрекеттерді «regulation» (реттеу, орыс тіліндегі «регулирование» дегенге келеді), «management» (басқару), «resolution» (шешу), «settlement» (реттеу, орыс тіліндегі «урегулирование» дегенге келеді), «termination» (аяқтау), «transformation» (трансформация) деген терминдер қолданылады.

Отандық және шетелдік саяси, әлеуметтік конфликтологияда конфликтіні реттеудің жалпыға ортақ әмбебап әдістемесі жасалмаған. Ғалымдар арасында ұғымдарға, проблеманың тәсілдемесіне, оған қатысты қолданатын әдіс-тәсілдерге қатысты ауызбірлік жоқ. Бұл этносаралық конфликтілерді шешудің тиімділігін төмендетеді.

Жоғарыдағы шаралардың барлығының түпкі мақсаты – тараптардың конфликт тарихын бірлесе сараптау арқылы оның туындау себептерін анықтап, тығырықтан шығудың лайықты, екі жаққа да тиімді жолдарын іздестіріп, оттың тұтануына негіз болған материалдық, процедуралық, психологиялық деңгейдегі жағдаяттар мен себептерді еңсеріп, өзара түсіністікке келуіне жәрдемдесу. Кикілжіңді толық аяқтау дегеніміз – оған түрткі болған себепті сылтаудан ажырату, себеп болған жайтты және оның салдарын түпкілікті жою [1]. Яғни, ең идеалды жағдайда конфликтіні шешу «жеңіс-жеңіс» схемасы негізінде орындалып, тараптардың қажеттіліктері толық қанағаттандырылып, шынайы әріптестік қайта қалпына келуі керек.

Дегенмен, сарапшылар этностық кикілжіңдерді бұлайша толығымен аяқтау ешқашан мүмкін емес дейді. Тек күштеу әдістерін

қолданып, проблеманы толығымен жойып жібергенде ғана конфликт физикалық тұрғыдан тыншуы ықтимал. Ал өркениетті жолмен шешілген кикілжіңдер бәрібір қайта тұтануы мүмкін. Мәселен, С. Волф Эфиопия мен Эритрея арасындағы бітім келісімін алға тартады. Екі жақ бейбіт уағдаластыққа қол жеткізгенімен, бұрынғы жаушылдық пен дүрдараздық сақталып, кейін шекараны демаркациялау кезінде соғыс оты қайта тұтанды [2].

Сондықтан, батыс ғалымдары өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап «конфликтіні басқару» (conflictmanagement), яғни, іс жүзінде конфликтіні манипуляциялау, теориясының негізін қалады. Бұл концепцияны жақтаушылардың айтуынша, кикілжіңнің алдын алу не оны шешуден гөрі басқару әдісі – шынайы өмірге ең жақын әдіс. Себебі, конфликтіні ушықтыру, деэскаляциялау әдістері сияқты оның алдын алу, шешу, аяқтату – осының барлығы жалпы конфликтіні басқарудың құрамдас бөлігі ғана. Мәселен, кейде конфликтіні шешудің орнына оны одан сайын ушықтыру әдісі таңдалуы ғажап емес, бұл араласушы тараптардың мақсат-мүддесіне байланысты болмақ. Бір сөзбен айтқанда, «конфликтіні басқару дегеніміз – конфликтіні қолдау, аяқтату не басқа бір мақсаттарға жету үшін жүзеге асырылатын әрекет» [3].

Яғни реттеу, шешу не аяқтату шараларының барлығы – конфликтіні басқару әрекетінің аясында іске асырылатын, белгілі бір тактикалық мақсатты көздейтін әрекет десек, конфликтіні басқару конфликтіге қатысты іс-қимылдардың, процестер мен амалдардың жиынтық атауы болып шығады. Батыс конфликтология ғылымында «conflict management» термині институтталған ұғым болса, ТМД ғалымдары бұл атауды қолдануға аса құлықты болып отырған жоқ. Оның басты себептерінің бірін Ресей ғалымы Н. Косолапов атап өтті. Оның пікірінше, «конфликтіні басқару» теориясын бұрынғы КСРО аумағында қолдануға келмейді. Себебі оған негізделген конфликтіні манипуляциялау ұғымы өте күшті де ықпалды бір тараптың әлсіз контрагенттерді – конфликтіге қатысушыларды жеке-дара билеп-төстей алуы дегенді білдіреді. Ал, посткеңестік кеңістікте мұндай аса ықпалды да пәрменді саяси күш жоқ, тіпті сондай рөлді атқара алады деген Ресейдің өзі кейде басқа бір күштердің шылауына түсіп қалып жатады [4].

Концептуалдық айырмашылықтары көп

болғанымен, іс жүзінде конфликтінің алдын алу, басқару және реттеу шаралары қатар қолға алынып жатуы мүмкін және алдын алу шарасы бір тараптан қарағанда реттеу әдісіне ұқсаса, бір тараптан басқару әдісіне де жатқызылуы мүмкін [5]. Мәселен, Югославия мемлекеті ыдырап жатқан тұста БҰҰ, оның соңынан НАТО, Македонияға шекараны бақылау миссиясын аттандырды. Бұл миссия бір жағынан бұрынғы одақтық мемлекеттің басқа өңірлерінде жалындап тұрған соғыс өртінің Македонияның ішіне таралып кетпеуін мақсат тұтса, екінші жағынан Македонияның өз ішіндегі этностық дүрдараздықтың кескілескен ұрысқа айналып кетпеуін қадағалады. Яғни, біріншісі – кикілжіңді басқару әдісі болса, екіншісін алдын алу тәсіліне жатқызамыз. Бұл – этностық конфликт табиғатының аса күрделі, кешенді болып келетінінен және оны шешу амалдарын қарастырғанда түрлі факторларды ескере отырып кешенді технологияларды қолдану керектігінен хабар береді.

Конфликтіні реттеу мүмкін болмаған жағдайда оны басқару әдісі қолданылуы мүмкін. Ол кикілжіңді шешпесе де, оны әрі қарай ушықтырмай, бір деңгейде ұстауға, қарулы қақтығыстың салдарын азайтуға бағытталады. Мәселен, 1974 жылы Кипр аралына БҰҰ бітімгершілік миссиясын жіберді. Бұл шағын аралдағы түріктер мен гректер арасындағы қантөгісті тоқтатып, соғысты аяқтауға көмектесті. Дегенмен, конфликтінің түпкі мәселелері шешілмей сол күйінде қалды.

Конфликтіні басқару және реттеу әдістерінің және бір қыры – ол институтталған жұмыс шеңберін қалыптастырып, соның нәтижесінде жанжалдасушы тараптар келіспеушілікті бейбіт жолмен, компромисс арқылы шешудің қару қолданудан тиімді екенін түсінетіндей жағдай жасауды мақсат тұтады. Конфликтіні басқару әдісінің аясында, мәселен, ұрыс аймағында қалған халыққа гуманитарлық көмек жеткізу шарасы да ұйымдастырылады.

«Басқару» ұғымы «конфликт» сөзінің табиғатымен үйлесіп тұр. Конфликтінің қоғамға екі түрлі кереғар ықпалын ескерер болсақ, «басқару» сөзі оның сипаттамасына сай келеді. Себебі, конфликті жасампаздық іс-әрекетке қозғау болумен қатар, екінші жағынан жүйені дезинтеграциялап, қолда бар ресурстарды өзара күрес шараларына шығындауға жол береді. Демек, басқару

арқылы оның екінші жағдайдағы ықпалын мейлінше азайтып, бірінші, жасампаздық қасиетін мүмкіндігінше қоғам игілігіне пайдалануға күш салған жөн.

Конфликтіні реттеу мен шешу ұғымдарының арасында және бір үлкен айырмашылық бар, әрі бұл ағылшын тілі лексикасындағы ерекшелікке байланысты. Реттеу (settlement) дегеніміз – сырттан түсіріліп, ұрысушы тараптар соған амалсыз мойынсұнған шара болса, конфликтіні шешу (resolution) – тараптардың ерікті түрде өзара қол жеткізген келісімі. Әдетте бұл терминдер бір-бірінің орнына қолданыла береді. Олай болмаған күннің өзінде, дәстүрлі бейбіт реттеу шараларын мәжбүрлеу әдісі деп немесе керісінше, дипломатиялық келіссөздерде мәжбүрлеу әдісі мүлде қолданылмайды деп түсінбеу керек. «Медиація, бітімгершілік, төрелік, сот төрелігі, және халықаралық ұйымдардың түрлі процедуралары тараптардың еркін шектеуге жол береді, ал бұл олардың арасындағы келіспеушілікті еңсеруге кедергі келтіреді. Бұл шектеу екі формада жүзеге асады: біріншіден, тараптар үшінші жақтың конфликтіге араласуының құқықтық және саяси заңдылығын мойындауы керек. Екіншіден, төрелік және сот төрелігі шараларын қоспаған басқа барлық жағдайларда үшінші жақтың ұсыныстарын қолдауы қажет. Егер тараптар өз мәселелерін медиатордың араласуынсыз екеуара дипломатиялық келіссөздер арқылы шешуге тырысса, онда олар да өздеріне ыңғайлы шешімге қол жеткізу үшін ықпал ету әдістерін барынша қолданып бағады. Әдетте, үлкен конфликтілердің көпшілігінде үшінші жақтың араласуы және екіжақты дипломатия амалдары қатар жүріп жатады» [6].

М. Эсманнның айтуынша, конфликтіні басқарудағы басты мақсат – «тапшы ресурстар мен мүмкіндіктерді өзара бәсекеге түскен топтар арасында үлестіру» ал онда қолданылатын техника «ашық жаушылық пен соғыстың алдын алу не оны бақылауға жұмылдырады, екінші жағынан кең ауқымды қауымдық ынтымақтың саяси мәнін төмендетуге бағытталады» [7].

Ал, конфликтіні реттеу (conflict regulation) тіркесіне Э. Нордлингер «Жаппай қантөгістің және үкімет тарапынан репрессияның болмауы» деген қарапайым анықтама береді [8].

Американ ғалымы У. Айрес «сәтті шешілген конфликт» ұғымына терең талдау жасаған. Оның айтуынша, конфликтіні шешудің нәтижелілігі

оның қай кезеңде жүзеге асырылғанына байланысты болмақ. Эскалация жағдайындағы конфликт деэскалацияланғанда, келіссөздер барысында екі жаққа да ыңғайлы келісімге қол жеткізілсе, ал конфликтіні реттеу шаралары барысында ұзақ уақыт бейбітшілік орнаса, онда кикілжінді сәтті шешілді деп санауға болады. «Сәтті шешілген конфликтінің» үш ерекшелігі бар: конфликтінің қарқыны бәсеңдеуі керек, тараптар арасында екі жаққа да тиімді коммуникация қалыптасуы қажет әрі өзара уағдаға келуі керек. Осы үш өлшем бойынша нәтижеге қол жетсе, конфликтінің сәтті шешілгені. Ал тек бірекеуі орындалса, онда жартылай сәтті деген сөз. Америка ғалымының айтуынша, 1973 жылы Израиль мен Египет әскери қақтығысты тоқтатуға қол жеткізді, ал қалған екі өлшем бойынша келісім тек арада бірнеше жыл өткен соң ғана мүмкін болды [9].

«Конфликтілерді шешу жөніндегі халықаралық комитет» Пол Штерн мен Дэниел Дракманның редакциялауымен 2000 жылы Вашингтон қаласынан «Қырғи қабақ соғыстан кейінгі кезеңдегі халықаралық конфликтілерді шешу» атты зерттеу еңбегін басып шығарды. Осы кітапта жаңа замандағы халықаралық қатынастардың табиғаты мүлде өзгергені, соған сәйкес кикілжіндерді шешу жолдары да жаңаша болуы тиіс екендігі жан-жақты талданған.

Адамзат қоғамының барлық сатыларында жүріп жатқан бұл трансформация түрлі конфликтілер мен оларды шешуге қатысты мемлекеттердің ұстанымдарына да әсер етпей қойған жоқ. Өзгерістің бір дәлелі – 1990 жылдардан бастап халықаралық соғыс ошақтарының саны азайып, қақтығыстарда қаза болғандар да біртіндеп кеміп келеді. Жаңа демократиялық қоғамдардағы қанды қырғындар жалпы тенденцияға көп әсер ете алмайды әрі ол қақтығыстардың табиғаты да халықаралық саяси мақсаттағы емес, этностық даралыққа қатысты болып келеді. Халықаралық ахуалдың өзгеруіне байланысты жұмыр жердің бетінде ұзақ жылдар бойы жазылмас жара болып келе жатқан кикілжіндер – Таяу Шығыс, Корея түбегі, Кашмир мәселелері жаңаша әдіспен шешіледі деген үміт бар.

Себебі, ғалымдар арасында қазір «халықаралық конфликт» ұғымы өзгерді деген тұжырым бар. Бұрынғы «мемлекеттің өз қарулы күштерін пайдаланып кем дегенде бір елмен

соғысуы» деген ұғым да әлі сақталып тұр, дегенмен қазір мемлекеттер бір-бірімен ашық соғыспаған күннің өзінде кейбір конфликтілер халықаралық бейбітшілікке қатер төндіретін оқиғалар қатарына жатқызылады. Мәселен, егер мемлекет ішіндегі конфликтілерде адамның басты құқықтары, демократиялық басқару әдістері бұзылып жатса, халықаралық деңгейде әлгі елдің үкіметіне қарсы шаралар қолданылады. Кей жағдайларда бұрынғы дәстүрмен күш қолдану не оны қолданамыз деп қорқыту әдісі де пайдаланылады. Кейде мемлекеттердің өз ішіндегі демократиялық жолмен сайланған үкіметтерді тақтан тайдыру әрекетінен басталған қақтығыстар да халықаралық конфликт қатарына жатқызылады. Мәселен, мұндай оқиға Гаити аралында болды.

Дүниежүзілік қауымдастықтағы соңғы өзгерістерді ескере келе Америка ғалымдары «конфликтіні шешу» ұғымына жаңа анықтама береді. Яғни, «конфликтіні шешу дегеніміз – топтар немесе мемлекеттер арасындағы конфликтіден туындайтын зомбылықтың алдын алу не оны бәсеңдету, сондай-ақ оның астарындағы келіспеушіліктерді азайтуға бағытталған әрекеттер. Әлеуметтік топтар арасындағы конфликтіні өміріміздің ажырамас бір бөлігі деп қарастырсақ, оны шешудегі мақсат – конфликтіні айырмашылықтарды бейбіт жағдайда талқылауға мүмкіндік беретіндей өзара келісілген нормалар арнасына салу, дауларды шешу құралы ретінде зомбылықты пайдалануды болдырмау, шектеулі жағдайдағы зомбылық түрлеріне рұқсат беріп, оның нақты ережелерін белгілеу (қылмыстық кодекс шарттарын бұзғаны үшін жазалау сипатында)» [10].

Қорыта келе мынадай тұжырымдарды талқыға саламыз:

Бірінші, конфликтіні шешу термині құбылыстың табиғатына сәйкес келмейді, себебі тереңде жатқан себептері бар этносаралық конфликтілерді өркениетті жолмен түпкілікті шешу мүмкін емес, сондықтан, оны ушықтырмай басқарып отыруға мүмкіндік бар. Ал басқару дегеніміз – кикілжіңді қалаған бағытыңа қарай өзгертуге күш салу. Конфликтіні басқару әрекеті әрдайым оң мақсатты көздеуі міндетті емес. Кейбір күштер конфликтіні өзіне тиімді бағытқа қарай бұру мақсатында басқаруы ықтимал.

Екінші, конфликтіні реттеу және шешу

терминдері синоним ретінде қолданылғанымен, олардың арасында үлкен айырмашылық бар. Конфликтіні реттеу сырттан, басқа тараптардың араласуымен жүзеге асырылса, шешу жанжалдасушы жақтардың өзара келісуі нәтижесінде мүмкін болады.

